

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ  
БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ**

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҒИМАРАТТАРДЫҢ, ИМАРАТТАРДЫҢ,  
ОЛАРДЫҢ БӨЛІКТЕРІ МЕН  
КОНСТРУКТИВТІК ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ  
АПАТТАРЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІНЕ ТЕКСЕРУ  
ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**ПОЛОЖЕНИЕ О РАССЛЕДОВАНИИ ПРИЧИН  
АВАРИЙ ЗДАНИЙ, СООРУЖЕНИЙ, ИХ ЧАСТЕЙ  
И КОНСТРУКТИВНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ**

**ҚР ҚБҚ 2.01-01-2012  
РДС РК 2.01-01-2012**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, ҚР БҒМ «ҚарМТУ» РМҚК
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП,  
ҚОЛДАНЫСҚА  
ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», РГКП «КарГТУ» МОН РК
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И  
ВВЕДЕН В  
ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ .....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	5
5 ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ ӘРЕКЕТІНІҢ ТӘРТІБІ .....	6
6 АПАТТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІН ТЕРГЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	7
7 АПАТТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІН ТЕРГЕУ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ .....	11
8 АПАТ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫН ОРЫНДАУ .....	14
9 АПАТ СЕБЕПТЕРІН ТЕКСЕРУДІҢ МАТЕРИАЛДАРЫН ТАЛҚЫЛАУ ТӘРТІБІ, БЕКІТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ .....	16
А ҚОСЫМШАСЫ ( <i>ақпараттық</i> ) I және II санаттағы апаттарға жататын объектілердің болжамды тізімі .....	18
Б ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Ғимараттың (имараттың), олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтерінің апаттары туралы хабарлау схемасы .....	21
В ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Жергілікті комиссияның апат себептерін алдын-ала тексеру актісі .....	22
Г ҚОСЫМШАСЫ ( <i>ақпараттық</i> ) Апат жөнінде сұрақ алу хаттамасы .....	24
Д ҚОСЫМШАСЫ ( <i>ақпараттық</i> ) Болған апатқа тексеру жүргізген, техникалық комиссияның түсініктеме хаты .....	25
Е ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Апаттың себептерін тексеру актісі .....	26
Ж ҚОСЫМШАСЫ ( <i>ақпараттық</i> ) Апаттың себептерін топтастыру .....	30
И ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Ғимараттардың және имараттардың, олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтерінің апат жағдайларын тіркеу журналы .....	31
К ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Ғимараттардың, олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтері апаттарының себептерін тексеру бойынша техникалық комиссияның тексеру әдістері .....	32
Библиография .....	57

## КІРІСПЕ

Құрылыстағы басшылық құжат құрылысты тұрғызу, техникалық қайта қаруландыру, қайта құру, күрделі жөндеу, пайдалану және консервациялау процестерінде пайда болған ғимараттардың, имараттардың, инженерлік коммуникацияларының, олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтерінің апаттарының себептеріне тексеруді жүргізудің негізгі ережесін құрайды, сонымен қатар апаттар туралы хабарламаны жеткізу тәртібін және Қазақстан Республикасы жағдайында тексеру қорытындысын рәсімдейді.

Жобалауда және құрылыста қазіргі заманғы технологияларды кеңінен енгізу, күрделі құрылымдық шешімдерді, жаңа материалдарды, құралымдарды және бұйымдарды қолдану, пайдаланатын ғимараттарға және имараттарға жағымсыз техногендік әсерлердің өсуі сарапшылардың алдында ғимараттардың, имараттардың, коммуникациялардың, олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтері апаттарының себептерін тексеру барысында ғылыми - техникалық алға басу негізінде тиісті жаңа міндеттер қойылады.

Құрылыстағы басшылық құжат жақын және алыс шет елдердің дайындаған материалдарын және олардың үндестігін Қазақстан Республикасы «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің негізгі ережелерімен талдаумен негізделеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНТАҒЫ БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТЫ  
РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҒИМАРАТТАРДЫҢ, ИМАРАТТАРДЫҢ, ОЛАРДЫҢ БӨЛІКТЕРІ МЕН  
КОНСТРУКТИВТІК ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ АПАТТАРЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІНЕ  
ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**ПОЛОЖЕНИЕ О РАССЛЕДОВАНИИ ПРИЧИН АВАРИЙ ЗДАНИЙ,  
СООРУЖЕНИЙ, ИХ ЧАСТЕЙ И КОНСТРУКТИВНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ**

Енгізілген күні – 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы Ереже ведомстволық құрамына және меншік түрлеріне тәуелсіз барлық ғимараттардың және имараттардың түрлеріне қолданылады.

1.2 Осы Ереже ұйымдардың талаптарын және құрылысты тұрғызу, техникалық қайта қаруландыру, қайта құру, күрделі жөндеу, пайдалану және консервациялау процестерінде пайда болған ғимараттардың (имараттардың), инженерлік коммуникацияларының, олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтерінің апаттарының себептеріне тексеруді жүргізудің тәртібін белгілейді, сонымен қатар апаттар туралы хабарламаны жеткізу тәртібін және тексеру қорытындысын рәсімдейді.

1.3 Осы Ереженің талаптарымен қатар:

- егер апат бақылауға алынған объектіде болса, мемлекеттік бақылау уәкілетті органдарының нормативтік және директивтік құжаттарының талаптарын;

- осы Ережеге сәйкес және құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері жөніндегі уәкілетті органдармен келісіліп дайындалған, ведомстволық немесе аймақтық нормативтік құжаттардың нұсқаулықтарын;

- осы Ережеге білікті халықаралық ұйымдардың және сақтандыру қоғамдарының талаптарымен (бірлескен кәсіпорындарда апатты және басқа оқиғаларда, жарғылық құжаттармен және келісім шарттармен алдын-ала қарастырылған болса,) қарама-қайшылық болмаған жағдайда, басшылыққа алу керек.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құрылыстағы басшылық құжатты құрылыста қолдану үшін келесі нормативтік құжаттар керек:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17-қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

ЕСКЕРТПЕ – Осы мемлекеттік нормативті қолданған кезде «Қазақстан Республикасының аймағында әрекет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік заңдық және нормативтік техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттар

көрсеткіштері және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіштері» ақпараттық сілтеме құжаттарының әрекет етуін тексеру жыл сайынғы басылып шығарылғаны бойынша ағымдағы жылға ақпараттық көрсеткіштер арқылы тексерген жөн. Егер сілтеме жасалынған құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда бұл нормаларды қолданғанда ауыстырылған (өзгертілген) стандартты пайдалану тиіс. Егер сілтеме жасалған құжат еш алмастырусыз күшін жойса, онда оны сілтеп жатқан ереже күшін жойған сілтемесіз қолданылады.

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы Ережеде «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**3.1 Апат:** Ғимараттың және имараттың, олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтерінің кездейсоқ сыртқы әсерлердің нәтижесінен бұзылуынан, істен шығуынан және техникалық құрылымының қирауынан немесе техногендік (құралымдық, өндірістік, технологиялық, эксплуатациялық) себептердің салдарынан туындайтын төтенше оқиға.

**3.2 Апаттық күйі:** Апаттық жағдайдан өтпеген кездегі ғимараттың (имараттың) немесе олардың бөліктерінің бұзылу шектерін және қауіпсіз пайдалану шарттарын сипаттайтын жағдайы.

**3.3 Аккредиттеу:** Ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің нәтижесінде олардың қызметтерін ресми мойындаудың Қазақстан Республикасының заң шығаруымен белгіленген талаптарына және стандарттарына сәйкес иемдену рәсімі.

**3.4 Эксперттің аттестаты:** Эксперттің мәртебесін және оның құрылыс қызметінде эксперттік жұмыстарды және қала құрылысында инжиниринг қызметтерін орындауға құқығын куәландыратын белгіленген үлгідегі құжат.

**3.5 Қауіпсіздік:** Қалыпты пайдалану барысындағы құрылыс объектісінің қасиеті немесе апаттар кезінде денсаулықты және адам өмірін сақтау үшін қолайсыздықты шектеу немесе белгіленген шектеулердің нәтижесінен қоршаған ортаны сақтау. Бөлінеді:

– **механикалық қауіпсіздік:** бұзылу нәтижесінен адам өміріне немесе денсаулығына, мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлардың және өсімдіктердің өміріне және денсаулығына зиян келтіретін себептерге байланысты қауіп-қатер жоқ болғандағы ғимараттың (имараттың) жағдайы немесе ғимараттың (имараттың) және олардың бөліктерінің тұрақтылығын жоғалту;

– **өрт қауіпсіздігі:** өрттің пайда болуын және дамуын болдырмайтын қауіп-қатер жоқ болғандағы ғимараттың (имараттың) жағдайы, сонымен қатар адамдарға, мүлікке және қоршаған ортаға өрттің қауіпті факторларының шамадан тыс әсері;

– **адамның тіршілік етудегі қауіпсіздік шарттары:** адамға зиянды факторлардың әсерін болдырмайтын шамадан тыс қауіп-қатерлер жоқ болғандағы тұратын ортаның жағдайы.

**3.6 Иегер:** Меншік иесінің мүддесін таныстырушы, кәсіпорынға немесе мекемеге тиесілі белгіленген физикалық немесе заңды тұлға.

**3.7 Әсер (Einwirkung) F:**

- көтергіш құралымдарға (тікелей әсер) әсер етуші күштердің жиынтығы (жүктемелер);

- температураның, ылғалдылығының өзгеруінің, материалдың шөгуінің және жылжымалылығының, іргетастың әрқелкі шөгуінің немесе жер сілкінісінің (жанама әсер) әсерінен туындайтын еріксіз деформацияның немесе тербелістің жиынтығы.

3.8 **Геотехникалық әсер** (geotechnische Einwirkung): Іргетастар немесе жерасты сулары арқылы топырақтан құрылымға берілетін әсер.

3.9 **Ақау**: жобалау, дайындау, тасымалдау және монтаждау барысында пайда болатын құралымдардың және элементтердің пішіндерінің немесе нақты өлшемдерінің, сапасының нормативтік-техникалық немесе жобалық-конструкторлық құжаттардың талаптарынан ауытқуы.

3.10 **Қорғаушы - сақтандыру шаралары**: Апаттық учаскені қоршау, шектеу немесе оған адамдардың кіру рұқсатын толық тоқтату, тұрғындардың қоныс аударуы, өндірістің жартылай немесе толық тоқтатылуы бойынша, сонымен қатар көтергіш құралымдарды уақытша бекітудегі объективті қажетті шұғыл шара.

3.11 **Ғимарат**: Жер үсті және керек жағдайларда адамдардың тұруына, келуіне және/немесе адамдардың басқа қызметтеріне, өндірісті орналастыруға, өнімдерді сақтауға немесе жануарларды ұстауға арналған жерасты бөлмелері бар құрылыс.

3.12 **Катастрофа**: Сансыз көп адамдарды құрбандыққа душар ететін, едәуір материалдық залал келтіретін немесе басқа да ауыр зардаптарды өзімен қоса алып келетін ірі масштабты апат.

3.13 **Маңызды элемент** (key element): Құралымдардың қалған бөліктерінің жалпы тұрақтылығына тәуелді болатын құралымдық элемент.

3.14 **Теңдестіру (компенсациялау) шарасы**: Құралымдардың, элементтің, инженерлік жабдықтау жүйелерінің табиғи тозуына байланысты жөндеуге, күшейтуге немесе ауыстыруға арналған объективті қажетті шара.

3.15 **Жергілікті бүлдіру** (localised failure): Құралымдардың, ерекше әсерлердің нәтижесінен болжамды түрде бүлінген немесе қатты зақымданған бір бөлігі.

3.16 **Көтергіш құралымдар** (Tragwerk): Орнатылған бөліктері көтергіштік қабілетін және беріктігін қабылдайтындай етіп жобаланған, алдын-ала қарастырылған бұйымдардың бір-бірімен жалғанып орналасуы.

3.17 **Көтергіш жүйе** (Tragsystem): Анықталған ережелер бойынша берілген пайдалану функцияларын қамтамасыз ететін жүйені құрастырушы құралымды элементтер.

3.18 **Ғимаратты (имаратты) тексеру**: Жинау жұмыстарының, өңдеу, жүйелеу және ақаулары мен сынған жерлері бар құралымдардың техникалық жағдайы туралы мәліметтерді талдау, тозу дәрежелерін бағалау кешені.

3.19 **Қауіпті аймақ**: Апаттан зиян шеккен аймақ немесе сол аймақтағы адамдардың денсаулығына және өміріне тікелей қауіп-қатері бар апатты жағдайда тұрған объект.

3.20 **Ғимараттың (имараттың) негізі**: Ғимараттардан (имараттардан) түсетін жүктемелерді және әсерлерді қабылдайтын және оның ішінде болып жатқан табиғи және техногенді процестерден болатын әсерлерді беретін топырақ сілемі.

3.21 **Қызметкердің қателігі**: Құру немесе құрылыс объектісіне техникалық қызмет көрсету барысында кіргізудің дұрыс әрекеті немесе қасақана емес теріс әрекет.

3.22 **Бүліну:** Бөлшектер мен құралымдардың алғашқы деңгейдегі сапасының пайдалану процесінде және апаттардың салдарынан туындаған ауытқуы.

3.23 **Зардап** (consequence): Оқиғаның мүмкіндік нәтижесі (әдетте жағымсыз қауіп-қатерді талдау барысында). Зардаптар түзу немесе белгілі бір уақыттың өтуі бойынша басталатын, адам шығындарының көрсеткіштері арқылы сандық немесе вербалды айтылған, зақымданғандардың, экономикалық шығындардың сандарымен, қоршаған ортаға тигізген зияндардың, ғимаратты пайдаланушылар және қоғам ж.т.б. әсерінен болатын шығындар.

3.24 **Апаттың себебі:** Ғимараттардың және имараттардың, олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтерінің, техникалық құрылғылардың бұзылуын тудыратын жағдайлар және оқиғалар, процестер, құбылыстар.

3.25 **Кепілдеме:** Жобалауды, құрылысты және объектілерді пайдалануды әрі қарай толық жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеулердің нәтижелері негізінде ғылыми-зерттеу институттарымен дайындалатын шара.

3.26 **Имарат** (Bauwerk): Тұрғызылып жатқан немесе барлық құрылыс жұмыстарының нәтижесі болып табылады.

ЕСКЕРТПЕ – Осы термин инженерлік имараттармен ғимараттарды сипаттайтын термин болып табылады. Ол құрылысы аяқталған құрылымдарға жатады, оның ішіне көтергіш, көтергіш емес құрылымдар және іргетастар кіреді.

3.27 **Әсермен үйлестіру** (Kombination von Einwirkungen): Көтергіш құралымдардың шекті жағдайына арналған сенімділігін дәлелдейтін әсерлердің бір уақытта болуын есепке алғандағы есептеу мәндерінің жиынтығы.

3.28 **Құрылыс құралымдары:** Ғимараттың (үймереттің) белгілі бір көтергіш, қоршаушы немесе эстетикалық функцияларды орындайтын бөліктері.

3.29 **Құрылыс материалы** (Baustoff): Құрылыста қолданылатын материал (мысалы, бетон, болат, ағаш, кірпіш).

3.30 **Техникалық пайдалану:** Техникалық бақылау бойынша, күтуге, ұстауға және ғимараттың және имараттың барлық жөндеу жұмыстарының түрлеріне байланысты шаралардың кешені.

3.31 **Қауіп-қатер** (Gefährdung):

– төтенше немесе маңызды оқиға, мысалы ерекше әсер немесе қоршаған ортаға тигізетін әсер;

– көтергіштік қабілетінің немесе беріктіктің жеткіліксіздігі немесе алдын-ала қарастырылған өлшемдердің едәуір ауытқуы.

3.32 **Төтенше жағдай:** апаттың нәтижесінен туындаған, стихиялық апаттардың немесе адамдардың өліміне әкелетін, олардың денсаулықтарына, қоршаған ортаға және шаруашылықпен айналысатын объектілерге зиян келтіретін апаттардың нәтижесінен анықталған аумақтардағы жағдай, бірталай материалдық шығындарға және тұрғындардың тіршілік ету әрекетінің шарттарын бұзуы.

Төтенше жағдайлар аймағы – төтенше жағдайлар жарияланған белгілі бір аймақ.

3.33 **Сарапшы:** Құрылыс саласында эксперттік жұмыстардың белгілі бір түрлерін және инжиниринг қызметтерін жүзеге асыратын физикалық тұлға.



3.34 **Пайдаланушы ұйым:** Кәсіпорынның қызметін тіршілік циклдарының барлық кезеңдерінде жүзеге асыруға және осыған қажетті рұқсаты мен лицензиясы бар меншік иесі ретінде құрылған немесе тағайындалған ұйым.

#### 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Ғимараттардың және имараттардың, инженерлік коммуникациялардың, олардың бөліктерінің және бөлек құрылымдық элементтерінің (ары қарай – Объектілердің) істен шығуына немесе бұзылуына байланысты апаттар, сонымен қатар олардың деформациясымен жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігіне қауіп төндіру немесе бұзу/өндірістік процестердің тоқтап қалуынан болатын апаттардың барлығы тексеруге жатады.

4.2 Зардаптардың қиындығына және масштабтарына байланысты апаттар I және II санатқа бөлінеді.

I санатқа – келесі оқиғалардың біреуінің салдарымен болатын апаттар жатады:

- катастрофа;
- егер адамдардың опат болуының немесе басқа да сәтсіз оқиғалардың орын алуынан болса, онда «Тексеру туралы және сәтсіз оқиғаларды есепке алу Ережесіне» сәйкес арнайы тексерілуге тиісті оқиғалар;
- өмірге және құрылыстың немесе кәсіпорын қызметкерлерінің денсаулығына, сонымен қатар апат болған жерге жақын орналасқан халыққа тигізетін қауіп-қатері;
- апат аймағында қоршаған ортаны сақтаудың қауіп-қатері;
- негізгі құралымдардың қирауынан немесе инженерлік коммуникациялардың істен шығуының нәтижесінен құрылысты немесе объектіні пайдалануды тоқтату;
- бөлек құрылымдық элементтердің қирауынан немесе жүйелердің істен шығуының нәтижесінен құрылысты немесе объектіні пайдалануды тоқтату мерзімі 8 сағаттан көп болса.

II санатқа келесі оқиғалардың біреуінің салдарымен болатын апаттар жатады:

- өмірге және өндірістік учаскенің/құрылыс учаскесінің немесе цех қызметкерлерінің денсаулығына тигізетін қауіп-қатері;
- жалпы тексеру тәртібіне тиісті сәтсіз оқиғалар;
- бөлек құрылымдық элементтердің (мысалы, арқалық, панель, ригель) қирауынан немесе жүйелердің істен шығуының нәтижесінен құрылысты немесе объектіні пайдалануды тоқтату мерзімі 8 сағаттан кем емес.

Ғимараттың (имараттың) түрлеріне байланысты апаттардың санаттары бойынша болжамды бөліп таратылуы анықтамалық А қосымшасында берілген [1].

4.3 Құрылымдық элементтерді және қирамаған бөлшектерді қорғау жағдайларында, шамадан тыс жүктеуге қарсы немесе апатқа қарсы басқа құрылғылардың жергілікті бұзылуы, сонымен қатар адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп-қатер туғызбайтын басқа қақтығыстар, қоршаған ортаның жағдайы апаттармен есептелмейтін және оларға қойылатын шаралары кәсіпорында белгіленген тәртіпке сәйкес қабылданады.

4.4 I санаттағы апаттар, ғаламдық аймақта және аймақтық төтенше жағдайда тұрған объектілер Қазақстан Республикасы Үкіметімен тағайындалған комиссияның арнайы тексеруіне жатады.

Оларды тексеру барысында осы Ережені пайдалану керек.

## **5 ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ ӘРЕКЕТІНІҢ ТӘРТІБІ**

5.1 Құрылысты, техникалық қайта қаруландыруды, қайта құруды, күрделі жөндеуді жүзеге асырушы немесе объектіні пайдаланушы ұйымдардың және мекемелердің, кәсіпорын жетекшілері, жеке салушылар және басқа шаруашылықты жүргізуші субъектілер, апат болған объектілерде бірінші кезекте міндетті:

– зақымданғандарды құтқару және оларға көмек көрсету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдау;

– егер кәсіпорында апаттарды/апаттық жағдайларды жоюдың жоспары болса, онда әрекет ету керек;

– бұзылудың, өрттің, зиянды заттарды тастаудың ж.т.б. ары қарай таралуын болдырмау үшін шараларды қолдану;

- қауіпті аймақ шекарасын орнату және оған адамдардың кіру рұқсатына шек қою;

- 5.2-5.4-т. нұсқауларына сәйкес апат туралы хабарды жеткізу.

5.2 Тағайындауына және ведомстволық құрамына қарамастан объектідегі апаттар туралы хабарлама бірінші кезекте төтенше жағдай жөніндегі уәкілетті органның тікелей кезекшісіне жедел хабарлануы тиіс.

Сонымен қатар құрылыс (құрылыс-монтажды, жөндеу-құрылыс, жеке және акционерлік құрылыс компаниялардың және фирмалардың) ұйымдарының немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың жетекшілері, шаруашылық әдістермен тұрғызғандар немесе объектілерді пайдаланушылар апаттар туралы хабарламаны шұғыл түрде жергілікті атқару және уәкілетті органдарына жеткізуге міндетті, ал мемлекеттік түрдегі меншік иелерінің объектілерінде және жоғарыда аталған органдар бойынша мемлекеттік ұйымдардың қатысуымен жүргізіледі.

Мердігерлік әдіспен, сонымен қатар өзіне меншікті күштермен құрылысты жүзеге асырушы жеке салушылар апат уақиғалары туралы жергілікті атқару органдарына хабарлайды.

Егер апат болған объектіде, қайғылы оқиға орын алса, онда хабарлама мемлекеттік және ведомстволық бақылау және объекті орналасқан жердегі еңбекті қорғауды бақылау органдарына жеткізіледі. Апаттар уақиғасы туралы хабарламаны жергілікті құрылыс комитеттері арқылы Қазақстан Республикасы құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері жөніндегі уәкілетті органдарға хабарлайды.

I санаттағы апаттар кезінде дәл осындай хабарлама апат болған объекті орналасқан жердегі прокуратура органдарына жеткізіледі.

5.3 Ғаламдық аймақта немесе аймақтық төтенше жағдайда тұрған I санаттағы объектілерде, апаттар туралы жоғарыда аталған органдардан басқа белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметіне мәлімдеме жасалады.

5.4 Апат табылғаннан кейін апат туралы хабарлама телефон, факс, e-mail немесе басқа байланыс құралдары арқылы беріледі. Төтенше жағдайлар бойынша Уәкілетті органның тікелей кезекшісінің телефоны барлық кәсіпорындардың және ұйымдардың жетекшілеріне, сонымен бірге ҮЖК ж.т.б. төрағаларына белгілі болуы тиіс.

Хабарламаның түрі міндетті Б қосымшасында келтірілген схемаға сәйкес болуы тиіс.

5.5 Егер апат салынған немесе қайта құрылған объектіде болса, апат туралы хабарламаны дер кезінде жеткізу міндеті басмердігерлік құрылыс ұйымдарының жетекшілеріне немесе егер апат пайдалану кезінде болса, онда пайдаланушы ұйым жетекшілеріне жүктеледі.

Көрсетілген тұлғалар хабарламаны жеткізуден жалтарған жағдайда олар қолданыстағы заңнамаға сәйкес арнайы жауапкершілікке тартылады.

## **6 АПАТТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІН ТЕРГЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

6.1 Объекті апаттарының себептерін тергеудің негізгі мақсаты болып табылады:

– оларды қоздыратын факторларды белгілеу, апаттың себептеріне тікелей қатысқан лауазымды және физикалық тұлғаларды анықтау, және қолданыстағы нормативтік-техникалық және ұйымдық басқаратын құжаттардың талаптарына сәйкес осы факторларды бағалау, сонымен қатар материалдық залалды анықтау;

– апат зардаптарын жою бойынша шараларды жасау;

– ұқсас апаттардың болуын ескерту бойынша, соның ішінде және нормативтік құжаттарды толық жетілдіруімен, стандарттардың және ұйымдық – жарлық актілердің ұсыныстарын жасау.

Тергеу барысында мыналар максимал анықтығымен белгіленеді:

– апат кезінде құралымдарға түсетін жүктемелер және басқа әсерлер;

– апаттың алдында құралымдық элементтердің жағдайы;

– құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісінде немесе объектіні пайдалануда нормалардың және жобалау ережелерінің бұзылуы;

– апаттардың себебімен тікелей байланысқан жобадан бас тартуы;

– оның шығуына және өршіп кетуіне мүмкіндік туғызатын факторлар.

6.2 Объектілердің барлық апаттары осы Ереженің нұсқауларына сәйкес тағайындалған техникалық комиссиялардың тексеруіне жатады.

6.3 Қираған құралымдарды, олардың бөліктерін немесе құралымдық элементтерін жедел бөлшектеу қажет болған жағдайда, зақымданғандарды құтқару немесе Объектілерді бұрынғы қалпына келтіру үшін қауіпсіз пайдалануды шұғыл қайта бастау мақсатымен техникалық комиссияның келіп жетуіне дейін, бөлшектеу жұмыстарын бастауды ұйымдастыра отырып, құралымдардың сақталуын және олардың орнын (фотосуреттерде, нобайларда, схемаларда) бекітуді қамтамасыз етуге ұйымдардың, кәсіпорындардың жетекшілері міндетті.

Апат себептерін алдын-ала тексеру және оның зардаптарын жою жұмыстарын орындау үшін жергілікті комиссия құрылады.

6.4 Апаттан кейін шұғыл түрде тұрғызылған немесе пайдаланушы ұйымдардың жетекшілерімен жергілікті комиссиялар тағайындалады.

Жергілікті комиссияның құрамына жобаны дайындайтын жобалау ұйымдарының, басмердігерлік және субмердігерлік құрылыс – монтаждау ұйымдарының, жұмыс істейтін кәсіпорынның тапсырыс берушісі немесе дирекциялары, мемсәулетқұрылысбақылау (госархстройконтроль) органдарының, апаттық – құтқару қызметтерінің өкілдері кіреді.

Объектілердегі апаттарды және сәтсіз оқиғаларға әкеп соғатын апаттарды бақылайтын сақтандыру және төтенше жағдайларды жою бойынша өндірістік қауіпсіздік саласындағы Уәкілетті орган және еңбекті қорғау саласындағы уәкілетті орган бойынша, жергілікті комиссия құрамына жергілікті көрсетілген органдардың өкілдері және апат болған объектінің, егер апат оқиғалары болса, онда сол объектінің кәсіподақ органдарының өкілдері кіреді.

Құрылған комиссияның органымен жергілікті комиссияның төрағасы тағайындалады.

6.5 Апаттың себептерін тексеру жергілікті атқару органдарының (әкімшілік), жергілікті құрылыс комитеттерінің және басқа бақылайтын органдардың бастамасымен басталған болуы мүмкін.

6.6 Жергілікті комиссия техникалық комиссияның келуіне дейін тиіс:

– апат орнына тексеру жүргізу және құралымдардың орнын 4.3-т. талаптарына сәйкес бекіту;

– кейінгі бұзылуды болдырмау үшін және бөлшектеудің бірінші кезегінде өндіріс жұмыстарының қауіпсіздігін немесе уақытша құралымдарды ажыратып бөлшектеуін қамтамасыз етуіне, қауіпті аймаққа адамдардың кіруіне шек қоюға шаралар қолдану;

– қираған құралымдарды ажыратып бөлшектеуді ұйымдастыру, өтетін жолдарды босатуды және бүлінбеген технологиялық жабдықтауды ұйымдастыру;

– зақымданғандарға эвакуацияны ұйымдастыру;

– апатты көзімен көргендерді айқындау және оларға сұрақ қоюды ұйымдастыру;

– объектіге қатысты, және ақпаратқа (жасырылған жұмыстарға актілерді, құрылыс материалдарына, бұйымдарына және құралымдарына сертификаттарын, іздестіруді, жобалауды, құрылысты, күрделі жөндеулерді, пайдалануды ж.т.б. жүзеге асырған осы ұйымдар туралы мәліметтер) қатысты жобалы құжаттаманы жинап алу;

– апаттың себептерін тексеру бойынша жұмысты бастау.

6.7 Жергілікті комиссия форма бойынша міндетті В қосымшасына сәйкес, апатты алдын-ала тексерудің актісін құрастырады және осы комиссияны тағайындаған кәсіпорынға, ұйымдарға немесе мекемеге және техникалық комиссияның төрағасына тапсырады [2].

6.8 Техникалық комиссия жұмыстарын бастағаннан кейін, жергілікті комиссия оларға жиналған материалдардың барлығын тапсырады және одан әрі апаттардың зардаптарын жою үшін өздерінің күштерін жинақтап жұмылдырады.

Техникалық комиссияның шешімімен апат себептерін тексеру жұмыстарына жергілікті комиссияның толық құрамы немесе оның кез-келген бөлімі қатыса алады немесе олардың басқа тапсырмаларын орындауларына болады.

6.9 Апат себептерін тексеру бойынша техникалық комиссияны тағайындау мерзімі апат болған уақыттан кейін екі тәуліктен кешіктірілмеуі тиіс. Техникалық комиссияны тағайындау туралы шешім қабылдайды:

– объектілердегі I санаттағы апаттар кезінде көрсетілген 4.6-т. сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің сақтау және төтенше жағдайлар жөніндегі Қазақстан Республикасының құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының ұсынысымен;

– объектілердегі I санаттағы апаттар кезінде сақтау және төтенше жағдайларды жою жөніндегі уәкілетті органдар бақылауындағы адамдарды құрбандыққа әкелетін, сақтау және төтенше жағдайларды жою бойынша Қазақстан Республикасының құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының ұсынысымен;

– объектілердегі I санаттағы апаттар кезінде мемлекеттік меншік түріндегі немесе мемлекеттің қатысуымен, жоғарыда тұрған мемлекеттік ұйымдар меншік түрлерімен және жергілікті атқару органдар;

– объектілердегі I санаттағы апаттар кезінде мемлекеттік емес меншік түріндегі,- жергілікті атқару органдары;

– объектілердегі II санаттағы апаттар кезінде, мемлекеттік меншік түріндегі немесе мемлекеттің қатысуымен, жергілікті құрылыс комитеттері немесе тұрғызылған/ пайдаланушы ұйымның жетекшілері;

– объектілердегі II санаттағы апаттар кезінде мемлекеттік емес меншік түріндегі, жергілікті атқару органдары.

Апат себептері айқын, тексеруді өткізуді талап етпейтін және зақымданғандар жоқ болғанда, қызметкерлердің өмірлеріне және денсаулықтарына қауіп қатер болмаған жағдайда жоғарыда айтылған органдар техникалық комиссияны құрудан бас тартуға болады.

6.10 Техникалық комиссияның арнайы тексеру комиссиясымен өзара әрекеттестігі, мемлекеттік қадағалау және еңбек қорғауды бақылау органдарымен құрылған техникалық комиссияның мәртебесін иеленумен арнайы тексеру комиссиясының орындауымен іске асырылады.

Әдеттегідей, екі комиссия осы Ережедегі 4.8-т.сәйкес органдардың бірлескен бұйрығымен құрылады.

6.11 I санаттағы апатты тексеру барысында техникалық комиссияның құрамына өкілдері кіреді:

- техникалық комиссияны тағайындаған орган;
- жергілікті, атқару органдарына лайықты;
- мемлекеттік меншік түріне негізделген мемлекеттік ұйымдарға лайықты, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің немесе апат болған объектілерде мемлекеттің қатысуымен;
- мемлекеттік емес меншік түріндегі кәсіпорындардың иелері;
- бас мердігерлік және субмердігерлік құрылыс-монтаждық ұйымдар;
- бас және жобаны дайындаушы субмердігерлік жобалау ұйымдары;

## ҚР ҚБҚ 2.01-01-2012

– құрылыс бұйымдарын, құралымдарды және жабдықтауды қамтамасыз етуші кәсіпорындар:

- мемлсәулетқұрылысбақылау органдары;
- егер осы органның бақылауындағы объектіде апат болса, онда сақтау және төтенше жағдайларды жоюдың мемлекеттік инспекциясы;
- апатты - құтқаратын қызметтердің;
- Қазақстан Республикасының құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі уәкілетті органдары (қажет болған жағдайда және олармен келісу бойынша).

II санаттағы апатты тексеру барысында техникалық комиссияның құрамына өкілдері кіреді:

- техникалық комиссияны тағайындаған орган;
- апат болған Объектілердегі кәсіпорындар, ұйымдар немесе мекемелер;
- бас және жобаны дайындаушы субмердігерлік жобалау ұйымдары;
- мемлсәулетқұрылысбақылаудың жергілікті органдары;
- егер осы органның бақылауындағы объектіде апат болса, онда сақтау және төтенше жағдайларды жоюдың мемлекеттік инспекциясы;

6.12 Апаттың себептерін тексеру бойынша техникалық комиссияның төрағасы комиссияны құрған органмен тағайындалады. Осы органмен көрсетілген тексеруді өткізудің мерзімі белгіленеді.

6.13 Егер апат басқа техникалық апаттың себептерінен (өрттің, жарылудың, транспорт құралдарының апаттары ж.т.б.) болса, онда техникалық комиссияның құрамына олармен келісу бойынша тиісті бақылау және қадағалау мемлекеттік бақылаудың уәкілетті органдарының өкілдері қосылады.

6.14 Күрделі сұрақтарды қарастыру барысында арнаулы білімдер немесе тереңдетілген талқылаулар қажет болса, техникалық комиссия мамандандырылған ғылыми-зерттеу немесе ғимараттың (имараттың) сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру бойынша аттестацияланған мамандары бар жобалы – іздестіру ұйымынан және ертеректе жобалауға, құрылысқа және объектіні пайдалануға еш қатысы болмаған ғылыми-техникалық базаға сәйкес эксперттерді тартады. Сонымен қатар техникалық комиссия жекелеген мәселелерді толық үйрену үшін жұмысшы комиссияларды ұйымдастыруға құқылы.

6.15 Техникалық комиссиялар жобалау және құрылыс ұйымдарынан, құрылыс бұйымдарын, құралымдарын және жабдықтауды қамтамасыз етуші кәсіпорындардан, сертификациялау және лицензиялау органдарынан және басқа ұйымдардан және объектілерге қатынасы бар кәсіпорындардан, мұрағат құжаттарының көшірмелерін қоса отырып, талап еткен ақпараттық материалдар міндетті түрде және алдын-ала төлемсіз ұсынылады.

Ұсынылған ақпараттарға жұмсалған қаражаттың өтемақысы осы Ережеге тиісті нұсқаулардағы 6.15-т. жүргізіледі.

6.16 Техникалық комиссияның жұмысымен және оларға тартылған мамандарға – эксперттерге байланысты барлық жұмсалған қаражаттарды, сонымен қатар апат объектісінде фотосуретке түсіруге кеткен шығындарды, қажетті техникалық және басқа

құжаттамаларды беру, зертханалық зерттеулерді және сынауларды өткізу, қосымша инженерлік - геологиялық іздеулерді орындау, техникалық есептеуді жүргізу, басып шығаруды ұйымдастыру және тексеру материалдарының қажетті сандарын көбейтуді апат болған кәсіпорын немесе ұйым өтейді және осы материалдарды техникалық рәсімдеуді орындайды.

## **7 АПАТТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІН ТЕРГЕУ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

7.1 Апаттың себептерін тергеу барысында Техникалық комиссия:

- объектіге тексеру жүргізеді;
- жобалық және басқа техникалық құжаттамаларға талдау жасайды;
- жұмыстарды өндіруге құқығын растайтын лицензиялармен, қолданылған құралымдардың және материалдардың сапа сертификаттарымен, жұмысшылардың және инженер - техникалық қызметкерлердің біліктілігі және олардың кәсіби дайындығы туралы құжаттарымен танысады;
- құрылыс ( құрылыс-монтажды, жөндейтін-құрылыс) ұйымының немесе жұмыс істейтін кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің лауазымды тұлғаларынан және куәгерлерден пікірсұрақ өткізеді, сонымен қатар апат туралы куәгердің және лауазымды тұлғалардың мәліметтері Г және Д қосымшаларында ұсынылған формаға сәйкес хаттама немесе түсініктемелік хат түрінде рәсімделеді;
- бүлінген немесе істен шыққан Объектінің жалпы нобайын, сонымен қатар негіздің, қажетті фотосуреттердің санын белгілейді (Нысанның).

7.2 Техникалық комиссия тиіс:

- а) белгілеуге:
  - құрылыстың жағдайын немесе Объектіні пайдаланудың шарттарын;
  - апат алдындағы метеошарттарын;
  - түрлерін, сипаттамасын және апаттың алдында Объектіде жұмыстардың ұзақтығын және тікелей жақын болуын;
  - апат алдындағы объекті жағдайының белгілерін және апаттан сақтандыруға қабылданған шараларын;
  - комиссияның пікірі бойынша, басқа жағдайға байланысты апаттың себептерін.
- б) анықтауға:
  - қабылданған жобада және жұмысшы құжаттамада (жұмысшы жобада), техникалық шешімдердің сапасын, нормативтік құжаттардың және мемлекеттік стандарттардың талаптарының сақталуын;
  - құралымдарда қабысатын бөлек түйіндердің жобаға сәйкестігін немесе құрылыс-монтажды жұмыстардың орындалу сапасын және нормативтік құжаттардың талаптарын, бүлінген құралымдарға толық тексеруді жүргізудің себептерін;
  - қолданылған материалдардың, бұйымдардың және құралымдардың сапасын және олардың жобаға сәйкестігін, мемлекеттік стандарттардың талаптарын және техникалық шарттарын (беріктік, өлшемдері, көлемдік масса, маркасы ж.т.б.);

## ҚР ҚБҚ 2.01-01-2012

– тәртібін және сынаманың сұрыптау орнын, қажетті сынауларға арналған материалдардың немесе құрылым элементтерінің үлгісінің сандарын, сонымен қатар соңғы сипаттамасын және көлемін;

– қосымша сынаулардың көлемін, апаттың себептеріне және орын алған жағдайларға байланысты экспертиза жасау қажеттігін;

– апаттар кезінде және температуралық басқа әсерлерден құралымдарға әрекет ететін нақты жүктеменің шамаларын, сонымен бірге апат кезіндегі құралымдардың және негіздің жағдайын;

– есептеуді орындауды тапсырған ұйымдарды немесе тұлғаларды көрсетумен объектінің құралымдарына қажетті тексеруді есептеудің көлемін (қабылданған жобалы шешімдер бойынша, нақты жүктемелермен, қималармен, материалдарға және олардың сипаттамаларына жобада жіберілген шегінулерді есепке қосқанда, дәнекерленген жерлерінде өлшемдердің кемуі ж.т.б.);

– объектіні техникалық пайдалану ережесінің талаптары бойынша пайдалану кезінде жіберілген, көтеру - транспорттық және технологиялық жабдықтаудың ауытқуларын;

– техникалық төлқұжаттардың бар болуы және объектінің технологиялық жабдықтауын пайдалану бойынша журнал жүргізу, көрсетілген құжаттар жоқ болған жағдайда, пайдалану барысында объектінің жағдайына немесе оның маңызды құралымдық элементтеріне әсер ететін жіберілген бұзылуларды, сонымен қатар объектіні пайдалану процесінде табылған құралымдардың ақауларын анықтау;

– объектінің қирауының (бұзылуының) нақты көлемі апаттың салдарынан материалдық залалдардың көлемі негізінде белгіленеді, бөлшектеуге кететін шығын мөлшері және қалпына келтіру, сонымен қатар жұмыс істейтін кәсіпорындарда өндірістің тоқтап қалуының нәтижесіндегі шығындар;

– апат себептері туралы қажетті мәліметтерді алу үшін өлшеулердің құрамын және айыру процесіндегі басқа жұмыстарды, мерзімдерін және үйінділерді айыру тәртібін белгілеу;

– берілген талаптар бойынша тұрғызу, жүргізілген тексерулердің негізінде пайдалану, нақты жүктемені тексерудің есептеулері және жұмыстардың шарттары барысында құрылыс құралымдарының немесе объекті іргетастарының көтергіштік қабілеттіліктерін қанағаттандырмауын;

в) қалыптастыру:

– жалпы журналдың мәліметтері және жұмыстардың арнайы журналдары, жасырын жұмыстарға арналған актілері және жауапты құралымдардың аралық қабылдау актілері және басқа өндірістік құжаттамалары, ал пайдаланылған объектіге – пайдалануға қабылдау туралы актінің бар болуы бойынша апат кезінде орындалған құрылыс - монтаж жұмыстарының көлемін және сипаттамасын;

– құралымдардың немесе объекті іргетастарының апатқа ұшырайтын жағдайларының себептерін, сонымен қатар жобаның және жұмысшы құжаттаманың (жұмысшы жобаның), нормативтік құжат талаптарының және мемлекеттік стандарттардың бұзылуларын;



– жобалауға, құрылысқа, материалдардың, бұйымдардың, құралымдардың дайындығына немесе апат болған (апаттың анықталған себептеріне байланысты) объектіні пайдалануға тікелей жауапты лауазымды тұлғаларды;

г) дайындау:

– апаттың зардаптарын жою бойынша ұсыныстарды және шараларды;  
– объектіге қосымша тексерулерді өткізудің қажеттілігі туралы мүмкіншіліктерін анықтау мақсатымен және оның толық қалпына келтіру шарттарын, сонымен қатар объектінің сақталған бөліктерінде құрылысты жалғастырудың немесе пайдаланудың ұсыныстарын.

Объектіні тексеру бойынша техникалық комиссияның жұмыстары К қосымшасына сәйкес орындалуы тиіс.

Апаттарға тексеру жүргізу барысында анықталған басқа жұмыстарды техникалық комиссия орындайды.

7.3 Тексерудің нәтижелері туралы техникалық комиссия міндетті Е қосымшасына сәйкес форма бойынша акті құрастырады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң шығаруына сәйкес техникалық комиссияның төрағасы және мүшелері апат себептерін тексерудің толықтығына, объективтілігіне және ұқыптылығына жауапты болады.

Егер комиссия мүшелерінің ерекше пікірі болса, онда ол жағдайда жазбаша түрде баяндайды және актіге қосып жібереді.

7.4 Тексеру актілерінің қорытындысы техникалық комиссияның пікірі бойынша апаттың шығуына және өршуіне жауапты ұйымдарға және тұлғаларға хабарланған болу тиіс. Техникалық комиссияның қорытындыларымен келіспеген жағдайда, аталған ұйымдар және тұлғалар комиссияны тағайындаған ұйымға өздерінің жазбаша қарсылықтарымен шағым арыз бере алады.

7.5 Техникалық комиссия оларды тағайындаған органдарға келесі құжаттарды тапсырады:

– барлық комиссия мүшелерімен қол қойылған, апат себептерін тексерудің актісі, ерекше пікірлердің қосымшасымен, егер сондай болса;

– экспертиза туралы, аттестацияланған мамандарды тартуда, қосымша зерттеулерді жасауда, лауазымды тұлғалардың түсініктемелерін қарастыруда қабылданған шешімдерді қоса отырып, отырыстың хаттамалары;

– тиісті түсініктемелермен объектінің фотосуреттері және суреттері, сызбалары, схемалары;

– материалдардың, бұйымдардың, құралым элементтерінің зертханалық сынау нәтижелері;

– құралымдардың және іргетастардың тексеру есептері;

– қосымша инженерлік – геологиялық зерттеу;

– жергілікті метеостанция мәліметтерінің көшірмелері және басқа материалдар, комиссияның сұраныстарымен алынған жауаптары;

– аттестацияланған сарапшылардың қорытындылары;

## **ҚР ҚБҚ 2.01-01-2012**

– апат себептерін тексеруге қатысқан, бірақ техникалық комиссия құрамына кірмеген тұлғалардың тізімі (олардың жұмыс істейтін ұйымдарын, атқаратын қызметін көрсетумен);

– куәгерлердің жазбаша жауаптары, олардың сұрақ – жауаптарының хаттамалары, лауазымды тұлғалардың түсініктемелері, ұйымдардың және тұлғалардың комиссияға ұсынған басқа материалдары;

– материалдық залал туралы мәліметтері, апатты жоюдың құны (болжаммен), табиғи өлшемдегі өндірістің шығыны (пайдаланатын кәсіпорындар үшін) және ақшалай өлшемдегі шығындар, апат нәтижесінен объектінің тоқтап қалу ұзақтығы (тәулікте).

Егер апаттың салдарынан зақымданғандар болса және «Тексеру туралы және сәтсіз оқиғаларды есепке алу Ережесіне» сәйкес қарастырылған материалдарды комиссия оларды тағайындаған органдарға тапсырады.

Осы барлық құжаттардың беттері жаппай нөмерленген, түптелген, құжаттардың тізімдемесін қоса отырып, техникалық комиссия төрағасының қолы қойылған болуы тиіс.

Тексеру актілерінің көшірмелері апат болған кәсіпорынның меншік иесіне немесе пайдаланушы өкілге не тұрғызған ұйымға беріледі.

7.6 Техникалық комиссия ашық түрде жұмыс істейді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен ескертіледі, ал басқа жағдайларда олардың материалдары құпиялауға жатпайды. Осы жағдайларда техникалық комиссияны құру туралы өкімде құпиялау тәртібі міндетті сілтемемен заң шығаратын актіге сәйкес ескертілген болуы тиіс.

Комиссия тексеруді жүргізілудің барысымен және өздерінің жұмыс нәтижелерімен мүмкіндігіне қарай теледидар және баспасөздер арқылы таныстырады, ал қажетті жағдайларда, апаттардың салдарынан туындайтын қауіп-қатерлер туралы тұрғындарға мәлімет беру шараларын қабылдайды

Материалдардың жинағына 7.5-т. бойынша сараптама жасау, жиналған тәжірибелерін жалпылау және ұқсас объектілерде қауіпсіздікті және сенімділікті жоғарылатуға қажетті шараларды дайындау үшін мамандардың кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

## **8 АПАТ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫН ОРЫНДАУ**

8.1 Техникалық комиссияның апат зардаптарын жою бойынша дайындаған ұсыныстарын және шараларын орындау қабылданады және осы норманың 6.7-т. сәйкес жергілікті комиссияның әрекеттеріне арналған басшылық болып табылады.

8.2 Бұзылудың белгіленген сипаттарыны сәйкес Объектінің және бөлек құралымды элементтердің апат зардаптарын жою барысында техникалық шешімдерді және олардың жұмыстарын келесі кезеңдермен орындауды қабылдау қажет:

– газ-, су- жүйелерін өшіру және электрмен жабдықтау, өртті жою, қауіпті аймақтарды қоршау ж.т.б.;

– қауіпті учаскелерде жабынның және аражабындардың соның ішінде крандық, пайдалы жүктемелерін уақытша жою, сыйымдылықтардың босауы;

- қаңқаның орнықтылық кеңістігін қамтамасыз ету үшін және оның элементтерінің байланыстарын, диафрагмаларын, тірек таяныштарын ж.т.б. орнатумен апаттық құралымдарды ажырату арқылы қираған аймақтарды оқшаулау;

- апаттық - қалпына келтіру жұмыстарын орындаудың технологиялық реттілігін және құрамын белгілеу, қажет болғанда құралымдардың толық тексерілгенін бағалауды, қорлардағы қажеттіліктерді анықтауды, қауіпсіздік шараларын жасауды қоса отырып;

- қираған үйінділерді бөлшектеу және зақымдалған құралымдарды бөлектеу, апатты болып табылған және күшейту мүмкін болмайтын немесе орынсыз жағдайларда;

- қалпына келтіру және құрылыс құралымдарын күшейту, өндірісті жаңарту мақсатымен технологиялық жабдықтаудың элементтерін және инженерлік желілерді қалпына келтіру (мүмкін, уақытша технологиялық схема бойынша);

- құралымдарды жөндеу, жұмыс істейтін өндіріс жағдайларында объектіні пайдалану процестерінде орындалады.

Жұмыстардың орындалу кезегі, олардың біріктіру принциптері және орындалу әдістері, яғни өндірістің нақты шарттарына және апаттың бұзылу сипаттамаларына байланысты анықталады.

8.3 Пайдаланатын құрылыс құралымдарын мерзімді техникалық тексеру барысында қажетті шешімдерден басқа, сонымен қатар келесі міндеттерді шешуі тиіс:

- апаттық жағдайда және құлау қауіптілігін тудырған ғимараттардың немесе имараттардың барлық бөліктерін айқындап табу;

- бұзылған және зақымдалған құралымдарды бөлшектеудің және бөлектеудің шекараларын орнату, қауіпті аймақтарға адамдардың кіруі шектелген шекараларын орнату;

- өндіріс жұмыстарын бастауға дейін қажетті күшейтуді орындауда, технологиялық процестермен құралымдарды қатар күшейтуде құралымдарды табу.

8.4 Апат зардаптарын жою бойынша техникалық құжаттаманы дайындау бір немесе екі сатыда орындалады.

Әдетте бірінші сатыда күрделі емес объектілер және біршама шағын көлемдегі жобалау жұмыстары үшін жергілікті комиссиямен эксперт - мамандарды тарту арқылы құжаттар дайындалады, сонымен қатар мүмкін болса, нәтижелерді нобайлар түрінде беруге болады. Сонымен бірге құжаттамаға мыналар кіреді:

- қажетті материалдардың, жабдықтаудың, жабдықтардың, стандартты емес жабдықтаудың және механизмдердің ақпаратізімдері;

- жұмыстардың күнтізбелік кестесі, өндіріс процестерінің тоқтап қалу ұзақтығын анықтаушы операцияларды біріктіруді есепке алумен;

- күшейтудің нобайлы схемасы, күшейтілетін, ауыстырылған және – сақтандырылған құралымдарды және олардың негізгі түйіндерін және элементтерін көрсетумен;

- құралымдар элементтерін және түйіндерін күшейту нобайлары;

- жұмыстарды қауіпсіз басқару бойынша қысқаша нұсқау.

Екі сатыда ірі объектілердің құжаттарын дайындау жүргізіледі, сонымен қатар құрылымдық шешімдерінің күрделілігімен, қалпына келтіру әдістерімен және өндіріс жұмыстарының тәсілдерімен сипатталатын объектілер кіреді. Сонымен бірге

## **ҚР ҚБҚ 2.01-01-2012**

мамандандырылған ұйымдар үшін негізгі техникалық шешімдер дайындалады және техникалық тапсырмалар түрінде рәсімделеді.

8.5 Объектіні қалпына келтіру жобасын және жұмыстарды өндіру жобасын дайындау кезінде жұмыстардың қауіпсіз басқару талаптарын және өндірісте апаттық - қалпына келтіру жұмыстарының әрбір кезеңінде апаттық жағдайдың шығу мүмкіндігін ескеру қажет.

Жобада (ең алдымен құралымдарды жүктеме астында күшейтуде және үйінділерді бөлшектеуде) мыналарды ескеру тиіс:

– уақытша тіректерді және бекітулерді орнату бойынша нұсқаулықпен қоса, жұмыстарды өндіру барысында құралымдардың беріктігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету шараларын;

– құралымдарда қалған және монтаждау кезіндегі жүктемелердің шекті мағыналарын бақылау тәсілдерін;

– аралық бақылауды талап ететін, анықталған операциялардың реттілігін сақтайтын нақты түйіндердің және құрылымдық элементтердің тізімін;

– ең жауапты жұмыстардың түрін орындауға жұмылдыратын жұмысшылардың біліктілігі.

## **9 АПАТ СЕБЕПТЕРІН ТЕКСЕРУДІҢ МАТЕРИАЛДАРЫН ТАЛҚЫЛАУ ТӨРТІБІ, БЕКІТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ**

9.1 Апат себептерін тексерудің материалдары 8.4-т. бойынша қолда бар жазбаша келіспеушіліктерді қоса отырып, екі жұмалық мерзімнен кешіктірілмей, комиссияны тағайындаған орғанмен қарастырылады.

Көрсетілген органдар комиссияның қорытындысымен келіскен жағдайда, апаттардың себептерін тексерудің бекітілген актілері бес күндік мерзім ішінде құрылыс істері жөніндегі және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық Уәкілетті органдарына жіберілуі тиіс, ал техникалық комиссияның ұйғаруымен шығарылған қорытынды жөніндегі қысқаша анықтама 5.2-5.3-т. көрсетілген нұсқауларға сәйкес апаттар туралы хабарлама жіберілген барлық ұйымдарға жіберіледі.

Іргетастар жанында орналасқан шурфтардың тереңдігі салынған табан тереңдігінен 0,5 м аспауы тиіс.

Жоспарда шурфтардың ең аз өлшемі К.2-кестесі бойынша анықталуы керек.

**К.2-кестесі – Жоспардағы тексеру шурфтарының ең аз өлшемі**

Іргетасты орналастыру тереңдігі, м	Шурфтардың қима ауданы, м <sup>2</sup>
1,5-ге дейін	1,25
1,5-2,5	2
2,5-ден көп	2,5 және көп

Іргетастардың ені үлкен болған жағдайда шурфтың өлшемін жоспарда үлкейтуге болады. Ашылған таспалы іргетастардың ұзындығы 1 м-ден аз болмауы тиіс.

Іргетастарды және негіздерді ашылған шурфтарда толық аспаптық тексеру келесі түрде жүргізіледі:

- іргетастардың түрлері белгіленеді, жоспарда оның формасы, өлшемдері, орналастыру тереңдігі, бұрын орындалған күшейту, сонымен қатар ростверктер және жасанды негіздер;

- тастың және ерітіндінің мрқаларын механикалық әдіспен анықтаумен қалауды зерттейді;

- зертханалық зерттеулер үшін топырақтың және қалау материалдарының сынамаларын алады;

- суоқшаулау (гидроизоляция) барысын белгілейді.

Шурфтау және қазбаларды бұрғылау аяқталғаннан кейін мұқият нығыздап тегістелген және жабын қалпына келтірілген болуы тиіс. Шурфтарды қазу және тексеру кезінде шурфтарға үстіңгі сулардың түсуінің алдын алу шараларын қабылдау қажет.

Жабдықтау, өту тәсілдері және инженерлік - геологиялық тағайындаулардағы қазбаларды бекіту (скважиналарды) геологиялық шарттарға және көліктердің кіреберіс жолдарына, коммуникациялардың барысына, қысылған алаңдарға, топырақтардың қасиеттеріне, шурфтардың көлденең өлшемдеріне және қазба тереңдіктеріне байланысты таңдауға болады.

Іргетастар табанынан төмендегі топырақтарды зерттеу үшін скважинаны шурфтың түбінен бұрғылау ұсынылады.

Зерттейтін қазбалардың саны (скважиналардың) тапсырмамен және инженерлік - геологиялық жұмыстардың бағдарламасымен белгіленуі тиіс.

Қазбалардың санын ғимараттың өлшеміне байланысты К.3-кестесі бойынша анықтауға болады.

**К.3-кестесі – Объектіні тексеруге арналған зерттейтін скважиналардың саны**

Ғимараттың өлшемі (секцияларда)	Скважина саны
1-2	4
3-4	6
4-тен көп	8

Қазбаларды орналастыру тереңдігі кластарын және ғимараттың құрылымдық ерекшеліктерін есепке ала отырып, негіздің активті аймақтардағы тереңдігімен тағайындалуы тиіс, ал күрделі геологиялық жағдайларда шөгінді топырақтардың және т.б ісіну қалыңдықтарымен және тоңдану тереңдігімен және ерудің күштілігімен анықталады.

Қазбаларды орналастыру тереңдігі  $h$ , м (ұңғыма) активті аймақтардың тереңдігіне байланысты мына формула бойынша анықтауға болады:

$$h = h_1 + h_{ак} + c \quad (К.1)$$

мұнда  $h_{ак}$  – активті аймақтардың тереңдігі, м;

$h_1$  – жер бетінен іргетастарды орналастыру тереңдігі, м;

$c$  – тұрақты шама, 3 қабатқа дейінгі ғимарат үшін - 2м, 3 қабаттан жоғары - 3м.

Ғимараттардың (имараттардың) негіздерін және іргетастарын өлшеуді орындауға болады. Нүктелердің салыстырмалы биіктігін анықтау (нивелирлеу), әдеттегідей, маркалармен жасалады.

Нивелирлеуді іргетастардың үлгілерімен (таспалы), жоспарлау белгісінде орналасқан іргетас бөліктерінде (діңгекті және қадалы), іргетастармен және аралық ортасындағы қиылысқан жерлердегі іргелік (цоколь) жаппа рандарқалықтармен жасауға рұқсат етіледі.

Тексеруге зерттеуді жүргізудің қажеттілігі іздестіру жұмыстарын жүргізуге берілген тапсырмамен құралымдарды салыстыру бойынша бас жоспарда жалғастыра орналастырудың өзгерістері барысында; топырақ жұмыстары барысында табылған жағдайда көрсетілген қорытындыға сәйкессіздігі белгіленеді.

Шөккен топырақтарда өзгерген Объектіні тексеру барысында негізді дымқылдаудың көздерін анықтауға назар аудару керек.

Гидрогеологиялық скважиналар топырақтардың сүзгілеу қасиеттерін зерттеу, іздестіру және жер астындағы сулардың сипаттамаларын анықтау, жер астындағы сулардың ж.т.б. деңгей өзгерістерін бақылау мақсатымен жүргізіледі. Гидрогеологиялық скважиналар ретінде бұрғыланған бақылау скважиналарын қолдануға рұқсат етіледі.

Скважиналар дымқылдану көздерін көзбен шолу арқылы белгіленген жерлерде бұрғыланады. Топырақтың дымқылдануы табиғи болып қабылданса, объектіден 10 м арақашықтықта бақылау скважинасын бұрғылайды. Топырақтың дымқылдығын анықтау үшін сынамаларды скважина тереңдіктерінің әрбір метрінен тартып алады.

Іргетастардың табандарының енін және орналасқан тереңдігін табиғи өлшеулермен анықтауға болады. Ерекше жүктелген учаскелерде табан ені екі бетті шурфтарда анықталады, аз жүктелген жерлерде іргетастардың өлшемдері бойынша бір жақты шурфтағы симметриялық дамуымен қабылдауға рұқсат етіледі. Іргетастарды орналастыру белгісі нивелирлеумен анықталады.

Негіздердің және іргетастардың толық аспаптық тексеру нәтижелері құрайды:

- объектінің қысқаша сипаттамасы;
- учаскенің геологиялық қималарын есепке ала отырып, тексерілетін объекті алаңдарының инженерлік – геологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалары;
- жер астындағы сулардың қозғалыс бағыты, олардың ластану көздері бойынша мәліметтері;
- объектінің жер бетіндегі құрылыс құралымдарының күйін есепке алғандағы қорытындылары және тиісті ұсыныстары;
- топырақтарды және суларды зертханалық талдаулары, іргетас материалдарын зертханалық сынаулары;
- негіздердің және іргетастардың көтергіш қабілетін тексеру есептері;

Объектінің негіздеріне және іргетастарына берілетін жүктемелері мен әсерлері ғимараттың құралымдары мен негіздерінің біріккен жұмыстарының есебімен белгіленеді.

Топырақтардың физикалық – механикалық қасиеттерін анықтау үшін бұзылған және бұзылмағанмен құрылыммен жыныстарды сұрыптап алу керек. Сонымен бірге зертханалық жағдайларда топырақтың тығыздығын, көлемдік массасын және топырақ дымқылдығын анықтайды. Қажет болғанда гигроскопиялық дымқылдығы, кеуектілігі, түйіпшіктелген құрамы, созылымдылығы, су сіңіргіштігі ж.т.б. анықталады.

Зертханалық сынаулар кешенін өткізу үшін топырақ үлгілерінің сандары және өлшемдері жеткілікті болуы тиіс (6 үлгіден кем емес).

Топырақтың тереңдігі бойынша сипаттамаларын анықтау аралығы, топырақтардың деформациялық және беріктік сипаттамаларын жеке анықтау саны, әрекет ететін норма бойынша олардың нормативтік және есептік мәндерін есептеу үшін жеткілікті болуы тиіс.

Топырақтың үлгілерін сұрыптау, оларды орау, сақтау және тасымалдау әрекет ететін стандартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Ғимаратты тексеру барысында үлгілердің саны және қада материалдарын зерттеу орындарын К.4-кестесі бойынша қабылдауға болады.

**К.4-кестесі – Үлгілердің саны және тіреуіштерді зерттеу орны**

Ғимарат өлшемі, секциялар	Ағаш тіреуіштерді және ростверктерді зерттеу үшін үлгілердің саны	Темірбетонды тіреуіштерді және ростверктерді механикалық зерттеу үшін орындардың саны	Ескерту
1-2	3	2	Ағаш үлгілерінің өлшемдері стандарт талаптарын қанағаттандыруы тиіс
3-4	6	4	
4-тен көп	9	6	

Дымқылдықты және микологиялық тексеруді анықтау үшін қада дінгектерінің ағаш үлгілері алынады: жердің бетінен төмен – 20 см тереңдігінде, жердің үстіңгі бетінде – 0...10 см тереңдігінде және жер деңгейінен жоғарыда 20...50 см.

Зертханалық сынауға арналған таспалы іргетас материалдарының үлгілері 6-дан кем болмауы керек.

Инженерлік-геологиялық іздеулердің нәтижелері белгіленген әрекет ететін нормалардың мәліметтерінен тұрады, және мыналар үшін қажет:

- деформация себептерін табу және негіздерді, іргетастарды, басқа іргетас үстіндегі құралымдарды күшіету бойынша шараларды анықтау.
- жер астындағы құралымдарға, жерасты бөлмелеріне суоқшаулау түрлерін таңдау;
- алаңда гидромелиоративтік шаралардың көлемін және түрін белгілеу.

Инженерлік-геологиялық тексеру материалдары негіздің геологиялық-литологиялық кимасы түрінде ұсынылады. Топырақтарды топтастыру әрекет ететін стандартқа сәйкес өткізіледі. Топырақтардың қабаттарының байланысы жоғары болуы тиіс. Тексеруді орындау барысында өтетін жерлердің барлық шарттары, атмосфералық жағдайлары, іргетастардың құралымдарының суреті, өлшемдері және шурфтарды орналастыруы ж.т.б. тіркелетін жұмысшы журнал жүргізіледі.

Зертханалық зерттеулердің нәтижелері хаттамалармен рәсімделеді және жұмысшы журналға тіркеледі.

К.12 Болат құралымдарды толық аспаптық тексеру барысында олардың жалпы жағдайы, онан әрі пайдалану мүмкіншілігі анықталады, сонымен қатар олардың тозуына болжам жасалады.

Болат құралымдардың жалпы жағдайын анықтау барысында барлық элементтердің және қосылыстарының нақты өлшемдерін, нақты жүктемелерді, материалдардың сапасын, ақауларды және элементтердің және олардың қосылыстарының зақымдануын, сонымен қатар температуралық және ылғалдылық тәртіптерін, ауаның газбен бүлінуін, құрамын және құралымдарда бөлініп шығатын улардың агрессивтілігін, қорғау жабындысының күйін анықтайды.

Элементтердің өлшемдері және құралымдардың геометриялық схемасын тікелей өлшеу жолымен анықтауға болады. Элементтердің қалыңдығы, бір жағынан рұқсаты болса ультрадыбысты қалыңдық өлшегіштердің көмегімен, қалған элементтердің қалыңдығы 0,05мм-ге дейінгі дәлдікпен штангенциркуль көмегімен өлшенеді; пісірілген



тігістердің биіктігі үлгілердің немесе көшірме бедерлердің көмегімен; қалған өлшемдері - болат сызғыштардың және рулетканың көмегімен анықталады. Құралымдарды өзара орналастыру геодезиялық суретке түсірумен анықталады.

Өлшеулердің нәтижелері негізінде тексерілетін есеп-қисаптарға қажетті нақты өлшемдері енгізілген өлшеудің сызбалары құрастырылады.

Тексеру барысында ең алдымен, қысылған элементтерге көңіл аудару қажет, себебі олардың жіңішке қабырғаларының нәтижесінде олардың қимасы беріктікпен емес, тұрақтылықпен лимиттелінеді. Металл құралымдардың өте қиын элементтері түйінді қосылыстар болып табылады, сондықтан тексерудің бастапқы сатысында элементтердің және түйіндердің қималары, шыбықтардың түзу сызықтылығы тексерілген, әсіресе қысылған шыбықтарда құрастыратын жұқа тақтайшалардың барысы жобаға сәйкес белгіленген болуы тиіс. Нормативтік майысудың артуы, бұрылу бұрыштарының және элементтердің басқа орын ауыстыруларын анықтау қажет.

Металл құралымдарды тексеру барысында құралымдар дайындалған болаттың сапасын, яғни болаттың маркасын анықтау қажет (тексерілетін болаттың қасиеттері стандартқа, болаттың анықталған маркаларына және оның есептік сипаттамаларына сәйкестігін). Сол үшін, қажеттілік шаралары бойынша оның келесі сипаттамаларын анықтайды:

- металды жеткізуде қолданылатын стандарттарға сәйкес болаттың маркасын немесе оның ұқсастығын;
- беріктік сипаттамаларын (аққыштық шегін, уақытша кедергісін);
- созылымдылығын (салыстырмалы ұзарту және салыстырмалы тарылу);
- морт бұзылуға бейімділігін (әртүрлі температуралар кезінде және тозу нәтижесінде соққылаудың тұтқырлық шамасына);
- дәнекерлеу

Құралымдардың тобына және олардың пайдалану шарттарына қажетті болат қасиеттеріне қойылатын регламент кешені әрекет ететін нормаға сәйкес белгіленеді.

Болат сапаларын бағалауға арналған негізгі материалдар жұмысшы сызбалар және металдың, электродтардың, пісіретін сымдардың, метиздердің сертификаттары, сонымен қатар объектіні тұрғызу мерзімінде әрекет ететін нормативтік құжаттар болып табылады.

Болат сапасын анықтау тексерілетін құралымнан алынған, сынамалардан дайындалған сынамаларды зертханада зерттеу жолымен жүргізіледі.

Болат сынамаларын зертханада зерттеу барысында тексерілетін құралымдардың металл күйін - химиялық құрамын, механикалық сипаттамаларын ж.т.б. бағалау үшін қажетті көрсеткіштерді анықтайды.

Құралымдардың элементтерінен сынамалар кернеуі ең аз жерлерде - бұрыштардың бекітілмеген сөрелерінен, арқалықтардың соңғы учаскелеріндегі сөрелерден ж.с.с. жерлерден алынады.

Сынамаларды сұрыптау барысында құралым элементінің беріктігі қамсыздандырылған болуы тиіс, қажет жағдайларда сұрыптау орындары күшейтілген, немесе сақтандыруға бейімделген болуы тиіс.

Металл құралымдардың металл сынамаларын сұрыптау, дайындау және олардың сипаттамаларын анықтау мақсатымен болат үлгілерін сынау стандарттардың талаптарын

## ҚР ҚБҚ 2.01-01-2012

есепке ала отырып, техникалық тапсырмаға немесе жұмыстардың бағдарламасына сәйкес жасалады.

Болаттың аққыштық шегінің нормативтік мәндерін немесе уақытша кедергілерін үлгілерді сынау негізінде анықтайды, немесе зерттейтін болатты қорыту кезінде әрекет ететін нормаларға сәйкес болат маркаларымен тағайындайды.

Болаттың маркасын химиялық немесе спектрлік талдау негізінде әрекет ететін стандарттардың нормаларымен салыстыру арқылы белгілейді.

Болаттың есептік кедергілері зерттейтін болатты қорыту кезінде әрекет ететін стандарттармен белгіленген мәндерден аспауы тиіс.

Тойтарылатын қосылыстардағы тойтарма шегелеудегі болаттың сапасын анықтау үшін тойтарма шегелердегі металдың химиялық құрамын және оны кесудегі уақытша кедергімен анықтайды.

Тойтарма шегелеудің материалдарын кесудегі уақытша кедергісін осы тойтарып шегелеуден кесілген диаметрі 10мм стандартты цилиндрлік үлгілердің созылуын зерттеу нәтижелерімен анықтауға рұқсат етіледі. Сонымен, кесудегі уақытша кедергінің мәні жарылудағы уақытша кедергі туындысының 0,58 коэффициентіне тең деп қабылдайды.

Болат болттардың механикалық қасиеттерін анықтау үшін болттарды жарылуға сынау, үлгілерді созылуға сынау, қаттылығын өлшеу жүргізіледі, ал қажет жағдайларда - екпінді жабысқақтығын анықтайды. Бұрандалар үшін қаттылықты өлшейді.

Кесудің және болттардың созылуының, сонымен қатар, болттармен қосылған элементтердің қысуының есептік кедергісін әрекет ететін нормаларға сәйкес қабылдайды. Егер болттардың беріктік класын орнату мүмкін болмаса, онда есептік кедергіні беріктік класы 4,6 болттары үшін кесуге және беріктік класы 4,8 созылуға есептеу барысында қабылдайды.

Металл құралымдардың дәнекерленген қосылыстарының сапасын бақылау әрекет ететін нормаларда көрсетілген әдістермен жүзеге асырылуы қажет.

Дәнекерленген қосылыстардағы болаттың сапаларын бағалау барысында мүмкіндігінше, металл тігістерінің механикалық қасиеттерін дәнекерленген тігістен цилиндрлік үлгілердің созылуын сынаумен, металл тігістерінің екпінді жабысқақтығы және тігіс жанындағы аймақтың біреуіндегі теріс температуралармен анықтайды: - 20°C немесе - 40°C; дәнекерленген тұтас қосылыстардың беріктігі және созылымдылығын – дәнекерленген қосылыстардың тұтас үлгілерін салқын күйінде металл тігістерінің қаттылығын және тігіс жанындағы аймақта созылуға және майысуға сынаумен анықтайды.

Дәнекерленген қосылыстардың есептік кедергілерін болат маркаларын, пісіретін материалдарды, дәнекерлеу түрлерін, тігістердің орналасуын және бақылау тәсілдерін есепке ала отырып, әрекет ететін нормаларға сәйкес тағайындайды.

Шойынды құралымдарда немесе олардың элементтерінде шойынның сапасын анықтау оның химиялық құрамын зертханада зерттеу жолымен жүргізіледі.

Шойынның есептік кедергілерін химиялық талдау нәтижелерімен қабылдайды:

– 1981 ж. дейінгі тұрғызылған құралымдар үшін сол кезеңде әрекет ететін регламентке сәйкес;

– соңғы тұрғызылған құралымдар үшін әрекет ететін нормаларға сәйкес;

Агрессиялық орталарда пайдаланылатын металл құралымдарды тексеру олар едәуір коррозиялық зақымданған жағдайларда ғана жүргізіледі.

Құралымдарды, қорғау жабындарын және жабдықтауды электрлік химиялық қорғау үшін тексеру әдеттегідей келесі жағдайда жүргізіледі.

- қайта құру, не пайдаланудағы құралымдарды сақтаумен Объектіні жаңғырту;
- апаттардың немесе стихиялық апаттардың салдарынан зақымдалған құралымдарды қалпына келтіру;
- уақытша имараттардың құралымдарын қайта пайдалану алдында;
- құралымдардың пайдалану шарттарының қатандығына байланысты өндірістің технологиялық схемаларының немесе жабдықтаудың қуаттылықтарын жоғарылату өзгерістері нәтижесінде агрессиялық заттарды бөлу қабілеті;
- объекті құралымдары орташа агрессиялық және күшті агрессиялық орталарда болса, яғни ұзақ уақыт ішінде мерзімді бақылаумен қамсыздандырылған болмаса және ағымдағы жөндеу жүргізілмесе;
- объекті құралымдарына толық көлемде мерзімді бақылау экономикалық дәлелсіз жүзеге асырылса (мысалы, терең су астындағы имараттардың құралымдары үшін, мұнай резервуарлар, топырақтардағы имараттар ж.т.б.);
- шектен тыс ұзақ тасымалдау, сақтау немесе монтаждау нәтижесінен құралымдар елеулі коррозиялық зақымдануға душар болғанда;
- ТЖМ аймақтық органдарына күнібұрын берілген кеңес негізінде.

К.13 Темірбетонды көтергіш құралымдарды толық аспаптық тексеруге бетонның беріктігін және деформативтік сипаттамаларын анықтау; арматураның және төсейтін бөлшектердің коррозиялық бұзылу дәрежелері; бетонның физикалық – химиялық қасиеттері; бетонның ылғалданған күйі; құралымдардың температуралық тәртібі кіреді.

Бетонды және темірбетонды құралымдарда бетонның беріктігі бұзылмаған бақылаудың механикалық тәсілдерімен, ультрадыбыс әдісімен, сонымен қатар құралымдардан алынған үлгілермен беріктігін анықтау әдістерімен әрекет ететін стандарттарға сәйкес анықталады.

Бетонды сынау учаскелерінде біртүрлі құралымдардың тобында немесе бөлек құралымдарда беріктікті анықтау барысында орналасуы тиіс::

- алдын-ала эксперттік әдіспен анықталған бетонның беріктігі ең азы жердерде;
- олардың көтергіштік қабілеттілігін анықтайтын аймақтарда және құралымдардың элементтерінде,
- бетонның беріктігінің төмендетілгендігі туралы куәландыратын ақаулар және зақымданулар бар жерлерде (жоғары кеуектілік, коррозиялық зақымдану, бетонның температуралық жарылуы, оның түсінің өзгеруі ж.т.б.).

Бетонның беріктігін анықтау барысында учаскелердің санын мыналардан кем емес қабылдауға болады:

- 3 – беріктік аймағын немесе құралымдардағы бетонның орташа беріктігін анықтау барысында;
- 6 – орташа беріктігін және құралымдардағы бетонның айнымалы коэффициентін анықтау барысында;
- 9 – біртүрлі құралымдар тобындағы бетонның беріктігін анықтау барысында.

Бетонның беріктігі бағаланатын біртүрлі құралымдардың саны тексеру бағдарламасымен анықталады және үшеуден кем емес болып қабылданады.

Бұзылмаған әдіспен немесе құралымдардан алынған сынамалармен анықталған құралымдардағы бетонның нақты беріктігі бетонның есептік сипаттамасын алуға арналған қажетті фактор болып табылады.

Бетонның есептік және нормативтік сипаттамаларын қысуға беріктігі бойынша бетонның шартты класына байланысты әрекет ететін нормаларға сәйкес анықтайды.

Бетонның беріктігі бағалау бойынша жұмыстардың көлемі үлкен болғанда бағалаудың статикалық әдістерін қолданған дұрыс.

Бетонның тығыздығын анықтау, дымқылдығын, су сіңіруін, кеуектігін, су өтпеушілігін және аязға төзімділігін әрекет ететін стандарттарға сәйкес өткізуге болады.

Бетонның сілтілігі сұйықтық рН мәні бойынша әрекет ететін стандартқа сәйкес анықталады.

Бетонның құрамын және құрылымын бетонның химиялық, физикалық - химиялық және микроскоптық арнайы талдау әдістерімен анықтайды.

Бетонның қызу температураларын анықтау үшін өрт болған кезде дифференциалды - термиялық талдау әдістерін қолданады және цемент тастың кеуектілігінің және оның түсінің өзгерісін бақылайды.

Темірбетонды құралымдарды арматуралау жүйелерін тексеру және анықтау үшін (арматуралық шыбықтарды орналастыру, олардың диаметрлері, бетонды қорғау қабатының қалыңдығы) әрекет ететін стандарттарға сәйкес қолданады:

- магнитті әдіс;
- радиациялық әдіс (мүмкін болған жағдайда);
- арматураларды ашумен бетонды ашық бақылау тікелей диаметрлерді өлшеу үшін және шыбықтардың сандарын, профиль суретімен және коррозияға ұшыраған шыбықтардың қалған қималарын анықтау, арматуралық болаттың кластарын бағалау.

Диаметрі, саны және арматураларды орналастырумен анықталатын құралымдардың саны тексеру бағдарламасымен анықталады және үшеуден кем емес болып қабылданады.

Зақымдалған арматуралардың және төсейтін бөлшектердің өлшемдерін радиациялық әдістің көмегімен немесе арматураларды ашқаннан кейін түсірілген суреттермен анықтайды.

Құралымдардан арматураның нақты беріктігін анықтау үшін оның әлсіз емес жерлерінен үлгілерді кесіп алады және әрекет ететін стандартқа сәйкес сынайды.

Арматураның беріктігін анықтау барысында механикалық сынаудың мәліметтері бойынша біртүрлі құралымдардан бір диаметрдегі шыбықтардың саны және бір қимада кесіліп алынады, үшеуден кем емес болуы тиіс. Шыбықтар құралымдардың қималарынан кесіліп алынуы тиіс, көтергіштік қабілеттілігі кесілген шыбықтарсыз қамтамасыз етіледі.

Сонынмен бір маркадағы немесе класта арматуралық болаттар әрекет ететін әртүрлі жылдардағы нормативтік құжаттарында нормативтік және есептік кедергілердің шамалары әртүрлі болды, тексеру барысында жобалау және салынған жылдарын анықтау қажет.

Егер арматураның класын анықтау жобаның мәліметтері бойынша жүргізілсе (арматураның класымен немесе қолданылған болаттың маркалары бойынша

мағлұматтармен құралымдардың сызбалары болады), сұрыптаусыз және арматура үлгілерін сынаумен болса, онда құралымдардың арматураларының нормативтік және есептік кедергілері ертеректе әрекет жасаған нормативтік құжаттарға және әрекет ететін нормаларға сәйкес анықтайды.

Сонымен шарт сақталуы тиіс: арматура тексерілген құралымдардың кластары, шыбықтардың диаметрлері, олардың сандары және орналастыру жобадағы мәлеметтерге сәйкес болуы тиіс.

Егер жобаның мәліметтері, сонымен қатар сұрыптаудың және үлгілердің сынаулары жоқ болған жағдайда, ертерек әрекет етілген нормативтік құжаттарға және әрекет ететін нормаларға сәйкес нормативтік және есептік кедергіні арматураның қимасына байланысты қабылдауға рұқсат етіледі.

Тексерудің есеп-қисаптарын орындау барысында тексерілген құралымдардан алынған арматура үлгілерінің сынауларының мәліметтері бойынша арматураның нормативтік және есептік кедергілері әрекет ететін нормаларға сәйкес қабылданады.

Егер арматуралық болаттың маркасын химиялық немесе спектрлік талдау негізінде анықтаса, онда арматураның нормативтік және есептік кедергілерін салу кезеңінде немесе құралымдарды даярлауда әрекет ететін нормаларға сәйкес тағайындайды.

Дәнекерленген қосылыстардың үлгілерін анықтау және арматуралардың сапасын бақылау әрекет ететін стандартқа сәйкес арматураны ашудан кейін көзбен шолып байқау жолымен және геометриялық параметрлерді ультрадыбыс әдісімен өлшеу немесе радиациялық әдіспен, сонымен қатар кесілген үлгілерді механикалық сынау жолымен әрекет ететін стандарттарға сәйкес орындайды.

Төсейтін бөлшектердің дәнекерленген қосылыстарын бақылау әрекет ететін стандарттарға сәйкес орындалады

Көтергіш құралымдардағы бетондардың сызаттарын және жарылуларын ашық беттерді байқау жолымен, сонымен қатар құралымдардан ішінара қорғау жабындарын алу жолымен табуға болады. Сонымен қатар сызаттардың орналасуы, олардың бағыты, ашу және тереңдік өлшемдері анықталады.

Көтергіш темірбетонды құралымдарды тексеру барысында арматураның коррозиялық зақымдалуына және төсейтін бөлшектерге ерекше назар аудару қажет.

Темірбетонды құралымдардағы арматураның күйі жұмысшы және монтаждау арматурасын ашумен бетонның қорғау қабаттарын жою жолымен анықталады.

Арматуралар көбінесе коррозиядан ең көп әлсіреген жерлерінде ашылады, яғни бетонның қорғау қабатының қыртысталуымен айқындалады, арматура шыбықтарын бойлай орналасқан жерлерінде сызаттар және тоттанған бояу дақтары пайда болады. Қорғау қабатының түсіп қалуына әкелетін, арматураның қарқынды коррозияға ұшыраған жерлерінде, ол металды жылтырына дейін тоттан мұқият қорғалады және оның диаметрі анықталады.

Арматуралардың коррозия дәрежесі келесі көрсеткіштермен бағаланады: коррозияның сипаты (тұтас, дақтармен, жіңішке қабат, жаппай, уытты ойық), түсімен, коррозия заттарының тығыздықтары, жалпы ашылған беттің пайыздармен зақымданған беттің аудандары; көлденең қиманың аудандары; коррозиялық зақымдану тереңдігі.

Біркелкі коррозия барысында коррозиялық зақымдану тереңдігін тот қабаттарының қалыңдықтарын өлшеумен, уытты ойық – кезінде жеке уытты ойықтардың тереңдіктерін өлшеумен анықтауға болады. Бірінші жағдайда тот қабыршағын үшкір жағымен бөліп алады және қалыңдығын штангенциркульмен өлшейді. Сонымен, коррозияның тереңдігі тот қабаттарының жартылай қалыңдықтарына, болмаса жобалық және арматураның нақты диаметрінің жартысының айырымына тең болып қабылданады.

Уытты ойық коррозия барысында арматураның кесектерін кесіп алуға ұсынылады, тотты ойып алумен жою (1% ингибитор-уротропинды құрайтын, 10%-ды қышқыл тұзды ерітіндіге арматураны батыру) содан соң сумен тазартады. Сумен тазартылғаннан кейін арматураны 5 минутқа натрий нитритінің қаныққан ерітіндісіне батырады, содан соң алынады, көнерген нәрсемен сүртіп тазартады және сағат түріндегі индикатормен уытты ойықтың тереңдігін анықтайды.

Бетонның карбонизациялау тереңдігі сутегі көрсеткішінің  $pH$  өзгеруі бойынша анықталады. Егер бетонның кесегі құрғақ болса, онда көрінетін ылғал қабыршақтарының пайда болуына жол бермеумен, оның бетін су жүргізетін сумен сулайды. Дымқыл және ауалы –құрғақ бетон ылғалдауды талап етпейді.

Бетонның кесектеріне тамызғышпен немесе пипеткамен этилді спирттегі 0,1%-ды фенолфталеин ерітіндісін тамызады. 8,3-тен 10-ға дейін  $pH$  өзгеруі барысында индикатордың бояуы түссіздігінен ашық қызыл күрең түске өзгереді. Бетон үлгісінің жаңа сынығы карбонизацияланған аймақта сұр түсті, ал карбонизацияланбаған аймақта – ашық қызыл күрең түсті болады.

Сызғышпен индикаторды 0,5мм-ге дейінгі дәлдікпен жүргізгеннен кейін шамамен бір минуттан соң бетонның карбонизация тереңдігін өлшейді.

Коррозиялық зақымдану дәрежесін бағалау үшін олардың сапалық және сандық сипаттамалары айқындалады.

Сапалық сипаттамаларға коррозияның сипаты (тұтас, жергілікті, біркелкі, әркелкі, уытты ойық ж.с.с.) және оның таралу аймағы жатады.

Сандық көрсеткіштерге ауданы және коррозиялық уытты ойықтардың тереңдігі, жоғалған қиманың шамасы, коррозия жылдамдығы жатады.

Коррозиялық зақымдану ауданы құралымдардың беттік ауданның пайыздарында көрсетіледі.

Жоғалған қиманың шамасын анықтау үшін бірнеше жерлерде, элементтің қимасы және ұзындығы бойынша микрометрмен немесе 0,05 мм-ге дейінгі дәлдікпен оның қалыңдығы штангенциркульмен өлшенеді. Элементтің көтергіштік қабілеттілігін тексеру барысында коррозиялық уытты ойықтарды есепке ала отырып, көлденең қима ауданы есептеуге қабылданады.

Коррозиялық шығындардың жанама шамасын коррозия заттарының қалыңдықтарын өлшеу жолымен анықтауға болады. Коррозиялық шығындардың шамасы элементтің бір жағынан тотықтың қабат қалыңдығының шамамен 1/3 тең.

К.14 Тасты және армотасты құралымдарды толық аспаптық тексеру барысында тасты материалдардың, қабырғалардың және іргетастардың, физикалық-механикалық қасиеттерін (беріктік, тығыздық, дымқылдық ж.с.с.) тікелей тексерілетін құралымдардың денелерінен немесе жақын жердегі учаскелерден алынған үлгілерді және сынамаларды

зерттеумен анықтайды, егер осы учаскеде қолданылатын материалдардың сәйкестік дәлелдері болса.

Қабырғалардан және іргетастардан кірпішті, тастарды және ерітіндіні сұрыптау көтергішсіз (терезелер астында, ойықтарда) немесе әлсіз жүктелген элементтерден немесе бөлшектеуге және демонтаждауға жататын құралымдарда жүргізіледі.

Кірпіштің беріктігін бағалау үшін дұрыс пішінді тастардан жән ерітіндіден және қабырғалардың қалауынан және іргетастардан бүтін, бұзылмаған кірпіштерді немесе тастарды және көлденең тігістерден ерітінді пластинкалары алынады.

Қисық пішінді табиғи тастардың беріктігін анықтау үшін (бута) тастардың кесектерінен қабырға өлшемі 40...200мм текше пішінді арамен кеседі немесе диаметрі 10...20 мм асатын, диаметрі және ұзындығы 40...150мм цилиндрлерді (керн) бұрғылап теседі.

Толық кеуекті кәдімгі саздың, силикатты және трепельді кірпіштердің беріктігін (маркасы) бойынша қирату тәсілімен анықтайды.

Қалау ерітіндісін қысу барысында, қабырғалардың ең сипатталатын учаскелерінің тігістерінен алынған ерітіндінің беріктігін (маркасы) әрекет ететін стандартқа сәйкес анықтайды.

Қатайған ерітіндіден текшелерді (куб) сынау даярланғаннан соң бір тәуліктен кейін, ал еріген ерітіндіні – 2...3 с. соң жасалады. Ерітіндінің маркасы бес байқаудың орташа нәтижесімен анықталады.

Тас қалаудың есептік кедергілері әрекет ететін нормаға сәйкес тастың күріне және беріктігіне байланысты қабылданады, сонымен қатар ерітіндінің беріктігін құралымдардан алынған үлгілерді сынау нәтижесінде анықталған және қиратушы әдістермен сыналған әрекет ететін нормативтерге сәйкес қабылдайды.

К.15 Ағаш құралымдарды толық аспаптық тексеру кезінде жабынды элементтерден сынамаларды алу үшін оларды ашу қажет. Жабындыны ашу орындарының саны ағаш арқалықтармен 100м<sup>2</sup> дейінгі тексерілетін ауданда үшеуден кем емес, және 5 кем емес үлкен аудандарда құрайды.

Металл арқалықтар бойынша ағаш жабындылар үшін осы цифрлардың сәйкестігі 2 және 4 тең. Едендерді ашу қажет (таза және қара), тұтастағыштар, еден астын дайындау, гидроизоляция, жылытқыш немесе дыбысты оқшаулайтын төсем, тігу, сылақ.

Ағаштың физикалық-механикалық қасиеттерін және ағаш құралымдарының әрекет ететін норманың шарттарында қарастырылмаған ақаулары мен зақымдануы бар, жүктелмеген немесе әлсіз жүктелген бөліктерін микологиялық талдау және анықтау үшін керндерді бұрғылап теседі немесе 150...350 мм ұзындықпен бөренелерді арамен кеседі.

Арамен кесілген бөренелер таңбаланады, полиэтилен пакеттерге салынады және зертханалық зерттеуге жіберіледі, ал бөренелерді сұрыптау орындарында құралымдардың схемаларында белгіленеді, ағаш үлгілерін сынаудың нәтижелерімен актілерге тіркеледі.

Бөренелерден үлгілердің арамен кесіп алады, өлшемдері әрбір сынаудың түрлері үшін әрекет ететін стандартқа сәйкес белгіленеді.

Ағаш бөренелер кесіліп алынған ағаш құралымдардың элементтері қалпына келтіруге немесе күшейтуге жатады.

Үлгілерді таңдау барысында барлық ұзындығы бойынша ағаш құралымдардың тіреу және тоғысқан түйіндеріне, сонымен қатар болттық, күйік және шегелермен байланысқан орындарда және ағаштың металмен, бетонмен және кірпіш қалаумен жалғасқан орындарына ерекше назар аудару керек. Үлгілерді сұрыптау барысында мұқият тексеру шатырдағы итарқа орындары, үй шатырындағы терезе аймақтары ағуларға ұшырайды. Ағаштардың табиғи және жасанды ақаулары, механикалық бүлінулері, дымдануы, ағаштардың биозақымдануы ж.т.б. белгіленген болуы тиіс.

Ағаш құралымдардан биозақымдануды бағалау үшін алынған сынамалар едендерді, қалқаларды, төбелердің тігулерін және т.б. ішінара ашу барысында жүргізіледі. Жабындылар мен арқалықтардың араларында ашу ауданы  $0,5\text{м}^2$  және қалқаларда  $30\times 30\text{см}$  кем емес болуы тиіс. Биозақымданудың диагностикалық белгілері көзбен шолу арқылы анықтайды, ал тура диагностиканы алынған ағаш сынамаларын зертханада талдау жолымен микологиялық сынаумен белгілейді.

Ағаш құралымдарды ашу ең алдымен ағулардың орындарында жасалады: сыртқы қабырғаларда, арқалықтардың тіректерінде, мал өтетін жолдарда және фермаларда; сантүйіндерде, коммуникацияларды өткізу орындарында; жылытылатын және жылытылмайтын бөлмелердің бөліп тұратын жабындарда ж.т.б.

Ағаш құралымдардың элементтерінің биологиялық зақымдану дәрежесі ағаштардың зақымдану тереңдігін өлшеу негізінде, оның жалпы ауданының элементтер қимасының бүлінбеген аудандарына қатынасымен анықталады.

Ағаштардың саңырауқұлақтармен биозақымдану тереңдігі сау құрылымға дейін зақымданған ағаштарды қысу жолымен анықтауға болады. Саңырауқұлақ ауруының түрін зақымданған ағаштың сыртқы пішінімен немесе кесу арқылы микроскоппен қарап анықтауға болады.

Аспалы итарқа жүйелерінде олардың ұзындығымен белдіктердің төменгі және жоғарғы жапсарлары толық тексерілуі тиіс, сонымен қатар белдіктердің бір бірімен, тіреулермен және қиғаштап қойылған тіректермен түйісуі, аспалы итарқалардың тік жазықтығы тексерілуі тиіс. Ақауы бар жерлерден зерттеуге үлгілер алынады.

Қиғаш итарқаларды тексеру барысында міндетті түрде белдіктердің майысулары (ілінуі), созылулар және итарқаның өзін анықтау қажет. Әсіресе қиғаш итарқалардың қабырғаға тіреу түйіндері мұқият тексерілу және олардың зақымдануымен тіреу түйіндерінің жағдайы бағалануы тиіс. Осы орындарда, мүмкіндігінше ағашты сынауға алып кетеді.

Желімденген құралымдарды тексеру барысында (арқалықтарды, рамаларды, арқаларды) ең алдымен желімденген тігістерге, олардың қабаттануына көңіл аудару керек. Қабаттануы табылған жағдайда құралымның бетінен желімденген тігістің бүліну тереңдігін анықтау қажет.

Арқалардың және рамалардың тіректері астындағы гидроқшаулағыш төсемдердің болуына көңіл аудару керек.

Әртүрлі механикалық әсерлер кезінде ағаштардың беріктік шегі стандартты зерттеулермен белгіленеді.

Шірікпен зақымданбаған құралымдарды тұтас алғанда немесе оның бөліктерінде ағаштың есептік кедергілері кезінде ағаш беріктігінің өзгерісі туралы мәліметтердің жоқ



болуына байланысты жаңа ағашқа арналғандай әрекет ететін нормаға сәйкес қабылдайды. Ағаштардың үстіңгі беттері шірікпен бұзылған кезінде ағаш элементтердің қима өлшемін шірікпен зақымданған қабат қалыңдығына кемітеді, сонымен қатар, егер орта дымқыл және ағаш мицелимен зақымданса есептеу кезінде 0,8 коэффициентін енгізу керек.

К.16 Қолда бар жобалы-техникалық құжатнамалар немесе тексеруге арналған техникалық тапсырма негізінде құралымдарға әрекет ететін тұрақты және уақытша жүктемелердің нормативтік мәндерін анықтайды:

- стационарлық жабдықтау салмағынан;
- қоймадағы материалдардың салмағынан;
- көпірлердің, тельфер крандардың, көліктің және басқа көтергіш жабдықтаудың;
- жөндейтін материалдардың салмағынан және ауыстырылатын жабдықтаудың;
- әрекет ететін нормаларға сәйкес, ақытша біркелкі таратылған жүктемелерден;
- желден;
- қардан.

Осы жүктемелер бойынша сенімділік коэффициенттерін әрекет ететін нормаларға сәйкес қабылдайды.

Құралымдардың көпшілігінің нормативтік жүктемесін өлшеулердің мәліметтері бойынша белгілеуге болады. Жүктеме бойынша сенімділік коэффициенті тиісті нормалармен қабылданады.

Темірбетонды құралымдардың меншікті салмағы жұмысшы сызбамен қабылданады; нақты салмағы және жатқызылған бетонның көлемі - темірбетонды бұйымдарға берілген зауыт төлқұжаттары бойынша. Сонымен қатар, жобалы нақты мәліметтердің сәйкестігін тексеру үшін негізгі қималардың бақылау өлшеулерін орындауға болады.

Жұқа қабырғалы құралымдарды тексеру барысында жергілікті тесіп өткен немесе арнайы бұрғыланған тесікті қолданумен сөрелердің қалыңдығын бақылауға болады. Тақталардың жалпы сипаттамалары үшін олардың жалпы санының 3-5% тақта қалыңдығын өлшеу жеткілікті.

Объектіні толық аспаптық тексеру барысында келесі нақты жүктемелерді анықтайды;

- қоршаушы және көтергіш құралымының меншікті салмағынан;
- еденнің, көтергіш құралымдарға сүйенетін арақабырғалардың және ішкі қабырғалардың салмағынан;
- жабындыдағы және құралымдағы технологиялық тозаңның салмағынан.

Құрама көтергіш құралымының меншікті салмағынан әрекет ететін жүктемелерді сызбаларды объектінің құрылысын тұрғызу кезінде мен каталогтар бойынша, ал сызбалар жоқ болғанда, зерттеуде пайда болған өлшеу шараларының нәтижелері бойынша анықтайды.

Тексеру барысында пайда болған өлшеу шараларының нәтижелері бойынша темірбетонды біртұтас көтергіш құралымының салмағын анықтайды.

Металл құралымының меншікті салмағын негізгі элементтерді өлшеу нәтижелері бойынша анықтауға болады. Негізгі элементтерге: фермаларда – белдіктер және тор шыбықтары; арқалық және жазыққабырғалы ұстындарда - белдік және қабырға; тесіп өткен ұстындарда - белдіктер; байланыстарда - белдік және тор элементтері.

Нақты тексеру нәтижелерінен айқындалған техникалық құжаттаманың талдау негізінен анықталған стационарлық жабдықтардың жүктемесі бойынша, құрылымға тіреу тәсілін көрсету және стационарлы жабдықтардың (ғимараттың бөлу остеріне байланысумен) орналасу сұлбасын құрастырады. Жабдықтың нақты салмағы төлқұжаттар бойынша қабылданады.

Қажетті жағдайларда нобайға қосымша коммуникацияның орналасуын, оның салмағын және құралымдарға бекітілген жерін нұсқаумен көрсетеді.

Металл құралымдардың салмағын МАҚ сызбалары бойынша, ал сызбалар болмаса - өлшеу нәтижелері бойынша анықтау тиіс. Жүктемелер бойынша металдың салмағы үшін сенімділік коэффициенті 1-ге тең болады.

Стационарлық технологиялық жабдықтың, құбырдың, технологиялық желілердің салмақтарынан тұрақты жүктемесін төлқұжатты деректердің құрамаға тіреу және оларды орналастыру нақты нобайын есепке алу арқылы анықтау тиіс. Жүктеме бойынша сенімділік еселігі 1-ге тең деп қабылданады.

Жабындыдағы жылытқыштың салмағын жасырын жұмыстың актілері бойынша, ал актісі болмаған жағдайда таңдаулы ашу жүргізіледі.

Жабынның және аражабынның (дыбыс- және жылоқшаулау материалдары, төсемдер, шатырдың гидрооқшаулануы, еденнің жабындысы) құралымдардың тұрақты жүктемесін қабаттардың қалыңдығын және тығыздығын анықтаумен ашу нәтижелері арқылы анықтайды немесе кесілген аймақтардағы материалдарды өлшеу нәтижелері арқылы 0,04-тен 0,25 м<sup>2</sup>-қа дейін.

Құралымның барлық үлгісінің меншікті салмағынан жүктеме бойынша сенімділік еселігі 1,1-ге тең болып қабылданады.

Тақталы жылытқышы бар шатыр үшін бірнеше ашудың сандары талап етіледі, себебі оның қалыңдығы жабынды бойынша бірдей. Егер әрбір температуралық бөліктеріне екі-үш ашу жасалса және нәтижелері бірдей болса, онда сол ашылулар саны жеткілікті болып табылады.

Шатыр жамылғысын ашу тек атмосфералық жауын-шашындары болмағанда немесе жабын материалдарын еріген сулармен ылғалдануына қарсы шара қолданылғанда ғана рұқсат етіледі.

Ашу жұмыстары жүргізілген жерлердің жұмыстары аяқталғаннан кейін міндетті түрде тура сондай немесе соларға ұқсас таңдалған материалдармен жабу қажет. Орам жамылғысының ашылған аумағы битумді мастикаға ғана жабыстырылады. Сонымен қатар міндетті түрде өлшемі 50x50см рубероидқа қосымша қабат жабыстырылады.

Шатырды құрайтын материалдың көлемді салмағын анықтау көлемі 200...400 см<sup>3</sup> болатын кішкене сынамалармен жүргізу керек. Егер бөлек-бөлек әр материалдың көлемді салмағын анықтау қиынға түссе, онда 1м<sup>2</sup> –дің жүктемесін қабат бойынша және жалпы өлшеу арқылы анықтау қажет. Егер шатыр материалдары біртүрлі болса, онда жалпы ашылудың санынан 20...30% -на бақылау сынамаларын жүргізу жеткілікті. Басқа ашылуларда тек шатыр құрамы және қабаттар қалыңдығы белгіленеді.

Бақыланатын ашуларының орындары ғимарат жабындысының сұлбасында белгіленуі қажет.

Жабынды құрамын анықтау нәтижелері, қабаттар қалыңдықтары және көлемді салмағының немесе өлшеу мағлұматтары арнаулы жиынтық тізімдемеде көрсетіледі.

Өнеркәсіптік ғимараттың жабындысын тексеру барысында технологиялық шаң-тозаңның бар болуына көңіл бөлу қажет. Жүктеменің шаң-тозаң сынамасын алған жерлер жабынды сұлбасында белгіленеді, ал қабаттар қалыңдықтарын өлшеу нәтижелері мен өлшеу мағлұматтары жиынтық тізімдемеде көрсетіледі.

Еденнің жүктемесін қабаттар мен сынауларды өлшеу арқылы анықталады. Сынаманың ашылу жерлері аражабынның сұлбасында тіркеледі, ал өлшеу нәтижелері және өлшенген жиынтық тізімдемеде көрсетіледі.

Жарық және азрация шамдары бар болғанда құрама түйіндерінің тіреуішінің проектке сәйкестігін тексеру керек, және де нақты көлемі мен жүктемені тасымалдауыш итарқалық құраылымға тапсыру сұлбасын анықтау қажет.

Алаңшықтарға, көпірлерге, баспалдақтарға, оның ішінде, топтардан, жүктемелерін тексеру барысындағы нәтижелері мен нақты технологиялық үрдістер саралауынан алған жөн.

Көпірлі крандар, кран-арқалықтар ж.т.б. болған кезде олардың нақты параметрлерін, қанаушылық режимін, әсер ету шамасы мен сипаты (жүк пен кранның сипатты орналасуы, максималды жүктері мен олардың қарастырылып отырған арқалықтарға жанасушылығы, жақын орналасқан крандардың бірге жұмыс істеу жиілігі). Бұл жерде кранастындағы жолдардың жағдайын, рельстердің арқалықтарға және арқалықтардың ұстындарға бекітілуін ескеру қажет, және де кранастындағы құраылымды геодезиялық түсірілімді жүргізу қажет.

Проектіде қабылданған берілген аймаққа қарлы және желдік жүктемелерді норма бойынша қабылдау керек. Қарлы жүктемелер бойынша айқындалған мағлұматтар, және де осы аймаққа ерекшелінген желдің бағыты мен жылдамдығы метеорологиялы қызметтің деректері бойынша алынуы мүмкін. Егерде метеорологиялы қызметтің деректері болмаса немесе берілген жүктеменің сыбағасының жұмысбастылығы ортақ деңгейде 25% -дан аз болса, жаңадан проектиленген құрылымдар үшін анықталады.

Қардың көлемді салмағын алдын-ала есептеу үшін қаңтарда-ақпанда  $300...350\text{кг}/\text{м}^3$  -ге тең, наурызда -  $400\text{кг}/\text{м}^3$  -ге тең деп қабылданады.

Желдік жүктеме мәндерін желдің жылдамдығы туралы жергілікті метеорологиялы деректерлердің есебімен анықтау тиіс. Желдің жылдамдық қысымын анықтау үшін бесжылдық қайталану  $V_5$  кезеңіндегі желдің жылдамдығын білу керек, сол уақыт аралығында желдің берілген жылдамдығының пайда болуы немесе орташа бір рет күшеюі. Бұл деректер метеорологиялы қызметтерден алынуы мүмкін.

Желдік жүктемелерді анықтаған кезде Объектінің нақты бір бағытын санауға және көршілес стационарлы ғимараттардың көлеңкелеуге рұқсат етіледі.

Нақты жүктемелердің мөлшері мен проект мөлшерлеріне ықпал етуін салыстыра отырып, жобадан бас тарту дәрежесі мен мөлшерлерін бағалауды жүргізеді, олардың себебін анықтайды және берілген құрылымға жүктеме бойынша сенімділік еселігін айқындайды.

Ортаның агрессиялық дәрежесі әрекет ететін нормалармен мен қағидаларға сәйкес анықтайды.

## ҚР ҚБҚ 2.01-01-2012

К.17 Объектінің тексеру есебі мен оның құрылымдық элементтерінің әсерін анықтау эксплуатациялық жүктемелерінен құрылыс механикасы мен материалдар кедергісі негізі арқылы жасалады.

Есептер сертифицикатталған бағдарламалар комплекстерін қолдану арқылы инженерлік тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін.

Есептер:

– ғимараттың және оның құрылымдық элементтерінің геометриялық параметрлерінің өткіндердің, биіктіктердің, тасымалдауыш құрылымның есептік қимасының өлшемдерінің;

– тасымалдауыш құрылымның нақты тіреуі және түйіндесуі, оның шынайы есептік сұлбасының;

– құрылымдар жасалған материалдардың есептік кедергісің;

– құрылымның тасымалдауыш қабілеттілігіне әсер ететін ақаудың және бұзылулардың;

– объектінің эксплуатация шарттарының, әсерлердің және нақты жүктемелерінің тексеру барысында анықталған есептер негізінде орындалады.

Нақты есептік сұлба тексеру нәтижелері бойынша анықталады. Ол:

– сүйену шарттары немесе басқа құрылыс құрылымдарының шектес қосылыстары, тіректің бекітілуінің өзгеруін;

– қиманың, өткіннің өлшемдері, эксцентриситеттердің геометриялық өлшемдерін;

– нақты (немесе талап ететін) жүктемелердің көрінісі және сипаты, құрылым элементтері бойынша орналастыру немесе оның нүктелерінің қосымшасы;

– құрылымның бұзылу және ақауларын көрсетуі керек.

Темірқұйматас құрылымының нақты есептеу сұлбасын анықтау кезінде олардың геометриялық параметрлерімен бірге арматуралаудың нақты жүйесін және олардың бір-бірімен түйіндесу әдістерін есепке алу қажет.

Құрылыс құрылымдарының тасымалдауыш қабілеттілігін есептеуді әрекетті нормативті құжаттармен сәйкес жасайды.

Өткізілген есептің негізі бойынша:

– эксплуатациялық жүктемелер мен әсерлерден құрылымдардағы әсерлерді анықтау, оның ішінде сейсмикалық;

– осы құрылымдардың тасымалдауыш қабілеттілігін анықтайды.

Осы өлшемдерді салыстыру құрылымның нақты жұмысбастылығының дәрежесін оның көтергіштік қабілеттілігінің айырмашылығын көрсетеді.

К.18 Өткізілген толық аспаптық тексеру көтергіштік құрылыс құралымдарының барысында, есептерін орындау және олардың талдау нәтижелерінің негізінде осы құралымдардың техникалық жағдайының дәрежесі және оларды одан әрі пайдалану туралы қорытындысы қабылданады.

Егер құралымдағы көтергіштік қабілеттілігінен жоғары болса, онда мұндай құралымның жағдайы апаттық немесе іске жарамсыздық деп танылуы тиіс.

**Библиография**

[1] ҚР ҚБҚ 2.01-04-2002 Ғимараттардың, имараттардың, олардың бөліктерінің және құрылымдық элементтерінің апаттарының себептерін тексеру туралы ереже. – Алматы: «KAZGOR», 2004.

[2] Ғимараттардың, имараттардың, олардың бөліктері мен конструктивтік элементтерінің апаттарының себептерін тексеру туралы ереже. – М.: СССР Мемқұрылыс ЦИТП, 1986.

ӘОЖ 69.03:006

МСЖ 91.060.030

---

**Негізгі сөздер:** апаттардың себептерін тексеру, ғимараттар және имараттар, құрылымдық бөліктері және элементтері, техникалық комиссия, апаттардың I және II санаттары

---

## СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ .....	5
5 ПОРЯДОК ПЕРВООЧЕРЕДНЫХ ДЕЙСТВИЙ ДОЛЖНОСТНЫХ ЛИЦ .....	6
6 ТРЕБОВАНИЯ К ОРГАНИЗАЦИИ РАССЛЕДОВАНИЯ ПРИЧИН АВАРИИ .....	7
7 ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТЕХНИЧЕСКОЙ КОМИССИИ ПО РАССЛЕДОВАНИЮ ПРИЧИН АВАРИИ .....	11
8 РЕАЛИЗАЦИЯ РЕКОМЕНДАЦИЙ ТЕХНИЧЕСКОЙ КОМИССИИ ПО ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДСТВИЙ АВАРИИ.....	14
9 ПОРЯДОК РАССМОТРЕНИЯ, УТВЕРЖДЕНИЯ И КОНТРОЛЯ МАТЕРИАЛОВ ПО РАССЛЕДОВАНИЮ ПРИЧИН АВАРИИ .....	16
Приложение А ( <i>информационное</i> ) Примерный перечень объектов, аварии которых относятся к I и II категории.....	18
Приложение Б ( <i>обязательное</i> ) Схема извещения об аварии здания (сооружения), его частей и конструктивных элементов.....	21
Приложение В ( <i>обязательное</i> ) Акт предварительного расследования причин аварии местной комиссией.....	22
Приложение Г ( <i>информационное</i> ) Протокол опроса по поводу аварии .....	24
Приложение Д ( <i>информационное</i> ) Объяснительная записка технической комиссии, проводящей расследование аварии, происшедшей .....	25
Приложение Е ( <i>обязательное</i> ) Акт расследования причин аварии .....	26
Приложение Ж ( <i>информационное</i> ) Классификация причин аварий.....	30
Приложение И ( <i>обязательное</i> ) Журнал учёта случаев аварий зданий и сооружений, их частей и конструктивных элементов.....	31
Приложение К ( <i>обязательное</i> ) Методика обследования зданий, их частей и конструктивных элементов технической комиссией по расследованию причин аварии ....	32
Библиография .....	57

## **ВВЕДЕНИЕ**

Руководящий документ в строительстве содержит основные положения по расследованию причин аварий зданий, сооружений, коммуникаций, их частей и конструктивных элементов, происшедших в процессе строительства, технического перевооружения, реконструкции, капитального ремонта, эксплуатации или консервации, а также порядок передачи сообщений об авариях и оформления результатов расследования в условиях Республики Казахстан.

Широкое внедрение современных технологий проектирования и строительства, использование сложных конструктивных решений, новых материалов, конструкций и изделий, развитие неблагоприятных техногенных воздействий на эксплуатируемые здания и сооружения ставят перед экспертами новые задачи при расследовании причин аварий зданий, сооружений, коммуникаций, их частей и конструктивных элементов, которые должны решаться на основе достижений научно-технического прогресса.

